ӨRLEU
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»
Акционерлік қоғамының филиалы
«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӘСІБИ ДАМУ ИНСТИТУТЫ»

# ХАБАРШЫ
# ВЕСТНИК

№ 5   2025 ж








ХАБАРШЫ ӨRLEU БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ВЕСТНИК

**«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»**
**АҚ филиалы Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институтының**

**Х А Б А Р Ш Ы  В Е С Т Н И К**

**Республикалық ғылыми – әдістемелік журналы Журнал 2013 жылдан бастап екі айда бір рет шығарылады Қабышқызы –**


## БАС РЕДАКТОР -
**Даулетова Роза**

«Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның «Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы директоры

Корректор –
Атолла Құралай Қайратқызы

Көркемдеуші және беттеуші -
Жеткерген Сара Аликқызы,
Тлемисов Турар Еркинбаевич



Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылы мамырдың 30-да тіркеліп, №13648-Ж куәлігі берілген.


БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
060009 – Атырау қаласы, Авангард-4 ықшам ауданы,
Адмирал Лев Владимирский,
Тел: 8(7122) 20-08-34
Факс:8 (7122)58-63-45
Ресми сайт: www.orleu-atr.kz



**АҚЫЛДАСТАР КЕҢЕСІ**

**Қылышбай Сүндетұлы** – «Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атырау облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты

**Салихова Айымгул Зинелгабиденовна** - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты.

**Джаманбаева Динара Танбаевна** –«Өрлеу» БАҰО» АҚ-ның «Атырау облысы бойынша Кәсіби даму институты» филиалының мониторинг жұмыс секторының бас маманы, педагогика ғылымдарының магистрі

**Салимова Нургуль Саламатовна** - Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, лингвистика ғылымдарының магистрі

**Аронова Алтынай Женисовна** – филиалдың «Педагогика және пәндік әдістер» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика магистрі.

**Есекенова Гульнар Тугенбаевна** – Атырау қаласы, Ф.Оңғарсынова атындағы орта мектебінің орыс тілі және орыс әдебиеті пәні мұғалімі, педагог – шебер

**Есмағанбетова Бубек Ғалымжановна** – Исатай ауданы, Ф.Оңғарсынова атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог - шебер

# Мазмұны


| | |
|---|---|
| **Қалиева Г.Ғ.** Оқыту мен оқуда жаңа әдіс –тәсілдерді пайдалана отырып, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы, оқушыларды өзін-өзі бағалауға үйрету | *4* |
| **Даирбаева С.С.** «Сторителлинг: сөздік қорды арттырудағы маңызы» | *7* |
| **Есмаганбетова М.Қ.** «Қалыптастырушы бағалау – табысты оқыту көзі» коучинг | *9* |
| **Ешжанова Ә.К.** IT Startup (ай-ти стартап) және жарнама | *16* |
| **Жусупова А.Ж.** Санды өрнектерді салыстыру | *20* |
| **Кенжебаева А.Б.** Дәрумендердің пайдасы | *23* |
| **Кисметова Ж.** Көп таңбалы сандарды жазбаша бөлу. Қорытындылау / Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері/ | *26* |
| **Коптлеуова К.Т.** Жас маман – жаңашылдық пен ізденістің бастауы | *30* |
| **Куракбаева К.К.** Әдебиет сабағында оқушы бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру | *33* |
| **Қалбағаева А.Н.** Моғолстан. Әбілқайыр хандығы. Зерттеу сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай саяси өзгерістерге әкелді? | *35* |
| **Қалымжанова А.С.** Неліктен I Карл мен II Осман шексіз монарх бола алмады? | *40* |
| **Қарымсақова Б.А.** Ұлттық байлықтар | *46* |
| **Мухашова А.Е.** Тәуелсіз Үндістанның қандай мәселелері отарлық өткенімен байланысты? | *49* |
| **Баделова Г.М.** Қазақтың ұлттық ойындары | *54* |
| **Утепбергенова Г.Т.** Аммиак. Аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы. №12 зертханалық тәжірибе «Аммиак молекуласының моделі» | *59* |
| **Қалиев У.Г.** Ұлттық ойын: Асық ату, оқтау тарту, теңге ату. Кедергілер арасынан жүгіру. | *62* |
| **Бекибаева Л.К.** Рационал сандарды бөлу | *66* |
| **Курманова Г.З.** Рационал сандарды бөлу | *70* |
| **Нуркалиева Р.М.** Септік жалғауының емлесі | *72* |
| **Сейтмухамбетова Ж.А.** Months and seasons | 76 |
| **Урымбаева А.ДЖ** «ЕББҚ оқушылармен арнайы әдіс тәсілдерді қолдану арқылы түзету жұмыстарын жүргізу.» | 80 |
| **Ыбырайқызы Ж.** Бастауыш білім беруде оқу сауаттылығын және шығармашылық ойлауды қалыптастыру | 85 |
| **Қойшығұлова М.А.** Таңдауды ұйымдастыру | 30 |



# ОҚЫТУ МЕН ОҚУДА ЖАҢА ӘДІС –ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ, ОҚУШЫЛАРДЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУҒА ҮЙРЕТУ

**Қалиева Гульмира Ғайсақызы**
*Атырау қаласы, Атырау облысы*
*М.О.Әуезов атындағы№7 орта мектептің*
*география пәні мұғалімі, мектеп директоры*

*"Еліміздің болашағы - бүгінгі жас ұрпақтың қолында,*
*жас ұрпақтың болашағы - бүгінгі ұстаздың қолында»*
*Н.Ә.Назарбаев*

Әр адам өмір бойына болдым, толдым демей, үйренумен, ізденумен болады. Өз бетінше ізденуіне нүкте қойған күннен бастап, оның өмірі тоқырайды десек те болады. Себебі, адам өмір бойы үйренеді. Ал ұстаз адам, болашақ ұрпақты тәрбиелеушілер үшін әр күні, әр сағаты, тіпті әр минуты ізденіске толы. Тәуелсіз Қазақстанның болашақта өркениетті елдер қатарында нық тұрып, дамыған мемлекет болуы бүгінгі ұрпақтың қалай оқып білім алуы мен тәрбиеленуіне тікелей байланысты. Оқушыны жан-жақты білімді, өз елінің патриоты, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға күш салу оларды оқытушы педагогтар қауымының басты міндеті болып табылады.Осы бәсекеге лайықты саналы да білімді ұрпағымызды дайындау үшін, алдымен жаңа формациядағы мұғалімдердің жеткілікті болуы қажет болды. Заман талабына сай ілесу үшін жаңа бағдарлама, жаңаша біліктілік курстары талап етілді.

XXI ғасыр ғылым мен білімнің қарыштап дамыған ғасыры деп аталып отырғаны баршамызға мәлім. Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпақты жан–жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы– оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Мектептегі білім сапасын арттыру үшін оқыту мен оқу жүйесі өзгеріс енгізуді қажет етуде. Мектеп мұғалімдері қазіргі заман талабына қаншалықты сай? Қандай мүмкіндіктері мен қажеттіліктері бар? Осы мүмкіндіктерін оқыту және оқу үдерісінде қаншалықты пайдаланады? Мектептің табысты болуына қандай кедергі бар? деген сұрақтарыма жауапты Атырау қаласындағы ПШО– дағы басшылардың біліктілігін арттыру курсына барып оқып, әрі қарай мектептегі тәжірибе кезінде таба бастадым. Мектепте мен « Нені өзгерту керек, қалай өзгерту керектігін» түсініп, мектептің даму жоспарын жүзеге асыру барысында көшбасшы болып, өзгеріс тобына жетекшілік еттім. Мен өзіме жүктелген жауапкершілікті сезіндім. Өз мектебімнің проблемаларын анықтау үшін және мықты жақтары мен дамытуға болатын салаларын білуге көмектесетін сауалнама өткіздім. Мектептегі негізгі үш буын ата-ана, мұғалім және оқушыларға сауалнаманы өзгеріс енгізу тобымен бірігіп өткізіп, талдау жасап, мектептің негізгі басымдықтарын анықтадық. Ата-аналарға жүргізілетін сауалнама олардың мектеп өміріне белсенді араласуын жақсартып, мектепті дамыту мәселелері бойынша кеңесуге зор мүмкіндіктер береді деп есептеймін. Негізгі мақсатымыз,білім сапасының деңгейін байқау, мұғалім, ата –ана, оқушы арасындағы байланысты бағдарлап саралау, проблемалық, жағын байқау толықтыру.

Мен өзімнің курста алған теориялық білімімді тәжірибелік кезеңде ұштастыру мақсатында өзгеріс тобымен және де бірнеше ерікті мұғалімдермен сұхбаттастым. Мектепті

дамытудың жасақталған жоспарымен таныстырып  нені өзгерту қажеттігі, дамыту үшін қандай іс-әрекеттер жасаймыз, олардың нақты, қолжетімді және шынайы болуы керектігі талқыланды. Бұл өзгеріс тобын құрудағы мақсатымыз қандай яғни мектепішілік мұғалімдер арасында оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін үйрету,өзара тәжірибе алмасу,алған тәжірибесін өзінің кәсіби білімін  дамытуға қолдану екеніне басты түсінік берілді. Өзгеріс тобының құрамына кіремін деген мұғалімдердің ынтасы жоғары болды.Мұғалімдерге тәжірибе кезеңінде жасалатын іс-шаралардың жоспарымен таныстырдым. Жоспардағы кейбір бөлімдерді өзгеріс енгізу мүшелері ұсынысы бойынша өзгерттік. Жоспар бойынша өткізілетін шараларға жауапты мұғалімдерді бөлдім. Әсіресе,жас мамандардың жаңаша көз қарастағы ұсыныстары  мені қуантты.

Қазіргі таңда оқытудың жаңашылдығы ұжым арасында кең түсінік алғанымен қолдануда,тәжірибелік қолданыста әлі орын таппай, мұғалімдердің дәстүрлі әдістен арыла алмай жүргендігін байқалды.Бірақ ұжым арасында  бірте –бірте жаңа бағыттағы әдіс-тәсілдерді қалыптастыру  мақсатында түрлі коучинг, тренингтер, тізбектелген сабақтар топтамасы, ЛС-іс-әрекеттерді зерттеу сабақтарын ұйымдастыру,тәжірибеде қолдану жұмыстары арқылы жетілдіремін деген мақсат қойдым.

Тәлімгерлік қызметті ұйымдастыру бағытында кездесу ұйымдастырылды. Тәлімалушы ретінде директордың инновация жөніндегі орынбасары және бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі меңгерушісін алдым. Мақсатым:тәлімгер мен тәлім алушылардың арасында ментор,коуч ұғымдарына түсінік бере отырып,ынтымақтастық пен сенімділік орнату бағытында  сұхбаттасу. Жалпы тәлімгер мен тәлім алушылардың арасында сенім қалыптасып,алдағы уақытта бірлесе ынтымақтаса жұмыс жүргізуге ниет тілектер берілді.

Директордың инновация жөніндегі орынбасарына коучинг жұмыстарының ұйымдастырылуын тапсырдым, ал бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі меңгерушісіне тізбектелген сабақтар топтамасының ұйымдастырылуын тапсырдым.

Мектебімізде желілік қоғамдастық жұмысы да жолға қойылды. Мақсатымыз мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру.







Мектептегі өткен коучингтердің сәтті шыққан жағы мұғалімдердің ынтамен қатысуы, оның ішінде жас мамандардың бір- бірінің пікірін тыңдай білуі,ал керісінше сын тұрғысынан ойлаудағы іс- әрекеттер мен қымсыну ,қысылу өз ойларын әліде болса ортаға шығара алмау қасиеттері байқалып тұрды.Әріптестеріммен бірге топта жұмыс жасай  отырып, коучингтің мұғалімдерге ықпалы, үйретері көп екеніне көзім жетті. Келесі коучингті дайындауға белсенділік танытқан коучтер іс-әрекетінен  кәсіби даму үдерісінің алғашқы қадамдарының нәтижесін көріп, мен де әріптестерімнің әрқайсысының пікірі мен үшін маңызды екенін айтып, шабыттандырып отырдым.  Бұдан қорытынды жиі басқосулар мен коучингтерді өткізу арқылы мұғалімдеріміздің білімдерін жетілдіру.Коучингтің соңын кері байланыспен ұштастырып,SWOT  бойынша талдау жасалып,екі жұлдыз,бір тілекпен аяқтап отырдық

Жоғары сынып оқушылары арасында «Көшбасшы болып тумайды, көшбасшы болып қалыптасады» тақырыбында тренинг өткізілді және «Бағалауды қалай түсінесің?»тақырыбында өткен дөңгелек үстелдің мақсаты оқушылардың ойларымен пікір алмасу болатын. Дөңгелек үстелге 8-11сынып оқушылары  мен мұғалімдер қатысты.Дөңгелек үстелді  әуелі «Күз»тақырыбы бойынша әңгімелеуден бастадық ойымыз оқушылардың ойлау қабілеті мен сөйлем құрау қабілеттерін байқау және тақырыпты аша отырып,бағалау туралы

түсінігін білу. Дей тұрған мен оқушылар көз қарасымен бағалау деген – оқушының еңбегін бағалау, ынталандыру сабақ айтқаннан кейін қойылатын баға мақсатында қойылады екен. Осы тақырып бойынша сәтсіздеу жағы кейбір оқушылардың мектепте сабақты тек жай баға алсам болды деген ойлары және ұстаздар тарапынан шараға қатысу аз болды себебі көбінің сабақ кестелерінің сәйкес келмеуі кедергі келтірді, ал, не сәтті өтті деп қарастырсам, оқушылар мен мұғалімдер пікірталасқа белсене араласуы,оқушы өз ойларын ортаға салып ашық айта білуі мені қуантты,бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі бағалау туралы оқушының болашақта баға үшін оқымауымыз керек оқығанымызды нақты жеткізе білуіміз керек деген түсініктерінің қалыптасуы, сондықтан мектеп оқушыларының арасындағы ашық әңгімелесу, пікірлесу оқушыны алға жетелейді.Нәтижесінде оқушылар бағалау дегенді білді, бағалау критериясын түсінді,не үшін бес алып отырғанын немесе не үшін төмен баға алып отырғанын біле алады.Жалпы ұстаз бен шәкірт арасындағы ашық қарым қатынастың болу маңыздылығын түсінді деп есептеймін.

«Lesson study» әдісі арқылы оқушылардың білімін саралауға болатынын, оқушыны зерттеуге тиімді әдіс екенін кәсіби әңгімелесуде сабақта АКТ және сыни ойлау технологиясының стратегияларын қолдану оқушыларды деңгейге бөліп, А,В,С деңгейіндегі оқушылардың белсенділігін, білім сапасының жоғарылауын, әдістің тиімділігін анықталды.«Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру»тақырыбында LS-зерттеу сабағы 3 б сыныбында өткізу жоспарланды. Жоспарымен танысып, бақылаушылармен бірге зерттеу сабағына қатыстық.Алғашқы зерттеу сабағы болғасын ба оқушылардың жалтақтауы,ұялшақтық,қысылушылық сезімдері байқалды.Үйрене келе оқушылар өздерінің тапсырмаларын түсіндіре,дәлелдеп жеткізе білді.Зерттеу барысында сәтті шыққан жақтары оқушылардың бірлесе жұмыс жасауы,пікірлерін тыңдай білуі болса,сәтсіздеу болған тұстары оқушылардың ой-пікірлерін нақты жеткізу дағдыларының жетіспеушілігі болды. Мұғалімдер үшін сәтті жағы мұғалімдердің сабақ құруда қызығушылық танытуы және әдіс-тәсілдерін жетілдіруі, тәжірибе алмасуы, ал сәтсіз жағы тәжірибелі ұстаздардың өзім білем деушілікке салынуы.Бұл зерттеу әдісінен түйгенім оқушылардың ЛС әдісі арқылы оқушылардың білімін,ынтасын,қызығушылығын арттыруға болатынын, мұғалім тарапынан бірлескен жұмыс түрінің нәтижеге қол жететінін түсіндім

Алдағы мақсатым тек мектепішілік және көрші мектептерден басқа, облыстық көлемде желілік қауымдастыққа қосылуға жұмыстану, жұмыс нәтижесін дамытуға бағыттау.Алдағы уақытта өзгерістерді енгізуде оқу мен оқытудағы МДЖ-да қандай мәселелерді енгізуге болады? деген сауалға мұғалімнің кәсіби білімін арттыру шаралары,жаңа әдіс тәсілдер,іс-әрекеттегі зерттеу, ЛС-ұйымдастыру,кері байланыс орнататын тренингтер мен іс-шараларды көптеп ұйымдастыру қажеттілігі анықталды.

Мектептегі жүргізіліп жатқан тәжрибені қорытындылай келе айтарым, басшылардың біліктілігін арттыру курсы өзімнің көшбасшылығымды жүзеге асыруда, мектептің тәжірибесін өзгертуде зор әсерін тигізді. Өзімнің мектептегі тәжірибеме сыни көзбен қарап, проблемаларды анықтауда маңызды болды. Бағдарламаның түйінді идеяларын басшылыққа ала отырып, өзімнің көшбасшылық қабілетімді дамыта алдым. Мектепті өзгерту бұл бір айлық немесе бір жылдық үрдіс емес, мектеп дамып отырса ғана өзгерістің болатынына көзім жетті. Ендігі мақсатым – өзімнің көшбасшылық қабілетімді жүзеге асырып, мектеп жұмысын жан-жақты саралап, ата-анамен, жұртшылықпен байланыста болып, мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы мектеп оқушыларының білім сапасын көтеріп, оқушылардың өз-өзін бағалауын және жетістікке жеткізу, құзырлы етіп оқыту және тәрбиелеу. Көшбасшылық пен басқару, стратегиялық жоспарлау, болжау, талдау бойынша түйінді құзыреттіліктер қалыптастыру арқылы болашағымызды дұрыс бағдарлай аларымыз хақ. Бұрынғы жеткізуші, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қасиеттерден арылып, керісінше ізденуші,

ұйымдастырушы,зерттеуші,шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек екенін жете түсіндім.

Конфуцийдын айтқанындай , «Ойлау жолы,бұл-жол ең жақсысы, ұқсау жолы ,бұл-ең жеңілі, тәжірибе жолы, бұл-ең ауыры» . Осы жолдардан өту арқылы, мұғалім «Мәңгі нұрдың қызметшісі» екенін ұмытпау керек



## «СТОРИТЕЛЛИНГ: СӨЗДІК ҚОРДЫ АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ»

**Даирбаева Сания Сатыбалдықызы**
*Атырау облысы, Атырау қаласы*
*Жалпы білім беретін М.Әуезов атындағы № 7 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, педагог - зерттеуші*

«Бала оқытудың жұмысы ширақ,
жігерлі, қызу болғаны дұрыс»
Ж.Аймауытов

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе - білім беру, ғылымды дамыту. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін қарқынды түрде технологияландыру мәселесін қойып отыр. Ол үшін ең бірінші мұғалімнің ұстанымы мықты болу керек, оқыту үдерісінде қалыптасқан дағды мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Мұғалім өз жұмысында арнаулы, пәндік білімдерімен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның , тәрбие салаларының қазіргі заманғы жаңашылдықтарын да қамтуы тиіс болғандықтан онан үлкен дайындық талап етіледі.

Ұжымдық процестерді және оқыту тәсілдерін дамыту – білім берудегі трендтердің бірі. Қазіргі заманда басқалармен ынтымақтасып, өзара іс-қимыл жасай білудің маңызы зор. Ынтымақтастыққа баса назар аудару- білім беру саласындағы өзекті үрдіс қана емес, сонымен қатар кез келген заманауи қызметкердің немесе ұйымның маңызды ерекшелігі болып табылады.

Командалық жұмыс кез келген мәселені тиімдірек шешуге, сондай-ақ жобаларды тезірек және нәтижелі іске асыруға , алға қойған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бірлескен жұмыс оқу процесінің барынша нәтижелі болуына мүмкіндік береді: команда мүшелері бір-бірінен үйренеді, тапсырманы орындаудың жаңа жолдарын қолданады. Командалық жұмыс процесінде өзара сыйластық, өзара қолдау, өзара түсіністік сияқты коммуникативтік дағдылар дамиды, жанжалды жағдайларды шешу, жұмыстың түрлі стильдеріне бейімделу қабілеті жетілдіріледі, ойлау мен мінез-құлық дамиды.

Білім беру саласындағы бұл аталған маңызды трендерді қолдану – мұғалімдердің жаңалыққа бет бұрғандығын көрсетеді. Біздің мектеп басшысы командалық жоба бойынша курсқа қатысып келген соң бізге осы білім саласындағы маңызды трендтер туралы семинар өткізді. Сонан кейін мектептің 26 мұғалімі осы курстан өтуді жөн көрдік. Себеп – мектепке жаңа бір өзгеріс енгізу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Алматы қаласының тренері Қарлығаш Исақызынан онлайн ақылы курс алдық. Тренермен екі рет оффлайн кездесіп, мектептің командалық жұмысын жүзеге асыру бағытындағы сауалдарымызға толық жауап алып, жасалған жұмыс жоспарларымызға бағыт-бағдар берді. Мектеп бойынша 4 командалық жоба жұмысын бастап, аралық нәтижелерге де қол жеткізіп жатыр. Сондай жобаның бірі- « Сторителлинг: сөздік қорды қорды дамыта ала ма?» тақырыбында басталды.

Баяндау технологиясы арқылы оқыту (сторителлинг) – ойын мен геймификацияның бір тетігі. Ойдан шығарылған әңгіме (оқиғалар) – адамзатқа ежелден белгілі оқыту тәсілдерінің бірі. Дұрыс айтылған ертегі – бұл өмір мен қоршаған әлем туралы құрылымдалған және нақты деректердің қоймасы. Әдетте, ертегі арқылы баяндағанда мазмұн тақырып бойынша келтірілген мысалдарға қарағанда тереңірек ашылады.

Ертегі құрастыру /айту ақпаратты жаттауға және мазмұнына тереңдемей анықтамаларды механикалық түрде есте сақтауға тамаша мүмкіндік береді. Ертегінің ойдан шығарылған компонеттерін қолданудың арқасында барлық компоненттер біртұтас ойға біріктіріліп, ақпаратты қызықты және ерекше түрге ауыстырады. Ертегілер мен әңгімелер – білім беру әлеуеті зор қарым-қатынастың ең тиімді түрлерінің бірі.

Оқиғаны баяндау (әңгімелеу) бұл ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтауды жеңілдетуге мүмкіндік беретін шығармашылық интерактивті процесс. Әңгіме оқушыларға ақпаратты түсінуге және есте сақтауға , сондай-ақ керек мезетте оны ұзақ мерзімді жадынан шығармауға көмектеседі.

Ақпаратты осылай ұсыну арқылы сіз оқушыларға жай ғана пассивті тыңдаушы мен қарапайым бақылаушы болуға мүмкіндік бермей, қорытынды нәтижені қадағалауға да мүмкіндік бересіз. Олар әңгімені ауызша рөлдік ойынға айналдыру арқылы әңгімеге белсенді қатыса алады.

Бұл жобаны алудағы бізді толғандырған мәселе-сынып оқушыларының сөздік қорының аздығы. Себебі оқушылар өз ойын толық жеткізе алмайды. Сондықтан білім берудегі трендтің бірі ойын геймификациясындағы сторителлингті қолдануды жөн көрдік. Біздің ойымызша сторителлинг оқушылар зейінін арттырып, оқу процесіне тарту арқылы білімпаздық пен қызығушылықты оятады, қиял мен мидың дамуына ықпал ететін қиялдағы бейнелерді жасауға көмектеседі. Артықшылығы оқушыларға себеп-салдар байланысын түсінуін жақсартады, сюжетті түсінуді жеңілдетеді, алдағы оқиғаларды болжау дағдыларын дамытады, демек сыни тұрғыдан ойлау және есту арқылы қабылдау дағдыларын дамытады.

Қазіргі оқу үдерісінде білім беру трендтерін қолданып түрлендіріп өткізу оқушыларды білімге, оқып-үйренуге ынтасын арттыратыны анық. Ұстаз қандай әдіс-тәсілдерді қолданса да , мақсаты біреу – ол оқушыларға тиянақты да сапалы білім беру. «Алдыңа ұлы мақсат қойсаң , ұлылыққа жетесің» деп данышпан ақындарымыз айтқандай, кез келген әдіс-тәсілдерді сабақта қолданғанда әрекет пайда болады, оқушыларымыздың дүниетанымы кеңейеді, білім көрсеткішіне үлесін қосады.

Ертегі мен әңгіме – бұл көбінесе нақты проблемаларды баяндайтын мазмұндама. Олар тыңдаушыларды еліктіріп, өз ресурстарын барынша толық пайдалануға итермелейді. Олар оқушының эмоциясын тудырып, оқудың нәтижелілігін арттырады. Оқуға барынша қарқынды және қызықты көзқарас; бейнефильм, комикс немесе интерактивті мультфильм жасаудың қарапайымдылығы; әңгіме жазу, иллюстарция жасау немесе таңдау, музыка жазу және таңдау процестерін біріктіру мүмкіндігін пайдалану есебінен заманауи технологиялардың арқасында оқушылар өз оқиғаларын одан да қызықты түрде баяндай алады.

Сторителлингтің артықшылығымен қатар қиындықтары да жоқ емес:

- Ертегілер мен әңгімелерге аса мән беріліп, оқу мақсатынан ауытқып кету мүмкін;
- Егер оқиғаны дұрыс айтпаса, оқушылар оны дұрыс түсінбеуі мүмкін;

- Нақты бір тақырып бойынша сенімді және қысқа әңгіме құрастыру барлық жағдайда мүмкін емес;
- Оқиғалар қысқа, нақты және бір-бірімен байланыста болуы керек. Элементтер тым көп болса, оқушылар басты нәресеге назар аударудың орнына бір оқиғаны екшелеп кетуі мүмкін.

Бұл қиындықтарды еңсеру үшін сыныптан тыс уақытта сабақта алған біліммен ұштастырып, түрлі тапсырмалар орындау арқылы нәтижеге жетуге болатынын байқадық. Мұндай жұмыстың тиімділігі:

- Сторителлинг оқушылар зейінін арттырып, оқу процесіне тарту арқылы білімпаздық пен қызығушылықты оятады;
- Қиял мен мидың дамуына ықпал етеді;
- Қиялдағы бейнелерді жасау арқылы еркін әңгіме айтуға дағдыландырады.

Жұмыстың нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты, сөз саптаулары дұрысталды, сторителлингке дағдыланып, әңгімені әсерлі, жүйелі жеткізуге үйреніп келеді.
Қорыта айтарым: « XXI ғасыр – жылдам өзгерістер ғасыры». «Жаңару, өзгеруді күнделікті өмірден көріп жүрсіздер. Адам тәрбиесі, тұлғаны қалыптастыру ісі бір орнында тұрмайды, үнемі ізденіс, жетілу үстінде» , -деген болатын оқу-ағарту министрі Ғани Бисенбаев өз сөзінде. Сондықтан брендке ұмтылған трендтегі мұғалім болу үшін жаңа білім берудегі өзгерістерге дер кезінде ұмтылу шарт.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Қазіргі білім беру трендтері» - Алматы «Bilim Media Group» ЖШС. 2017 жыл, 326 бет;
2. «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану» Асхат Әлімов , Алматы, 2015 жыл;
3. «Табысты сабақ жоспарын қалай құруға болады?» Асхат Әлімов, Алматы, 2018 жыл.



## «ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ - ТАБЫСТЫ ОҚЫТУ КӨЗІ» КОУЧИНГ

**Есмаганбетова Мадина Қазыққызы**
*Атырау облысы, Атырау қаласы,*
*жалпы білім беретін М.Әуезов атындағы № 7 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог - зерттеуші*

| | |
|---|---|
| **Тақырыбы** | «Қалыптастырушы бағалау - табысты оқыту көзі» коучинг |
| **Мақсаты** | Қалыптастырушы бағалау тәсілдерін білу, өткен коучинг, сабақтарда колданған әдіс-тәсілдерді еске түсіру және осы тәсілдердің тиімділігін түсіну және іс – тәжірибесіне енгізу. |
| **Күтілетін нәтиже** | Мұғалімдер қалыптастырушы бағалау тәсілдерін біледі,өткен сабақтарда, коучингтарда колданылған әдіс-тәсілдерді еске түсіреді және осы тәсілдердің тиімділігін түсінеді және тәжірибеде қолданудың тиімділігін үйренеді. |
| **Табыс критерийі** | Бағалаудың әр түрлі тәсілдерін білуі тиіс және оларды бағалау процессінде тиімді қолдануы тиіс. |

<table>
<tr><td>Әдіс-тәсілдер</td><td colspan="2">«Magic ball» әдісі, «Сәйкестендіру» әдісі, «Арт-терапия» әдісі,  «Топтас, бірік, талқыла» әдісі, «ПОПС/ММММ» формула, Mentimetr</td></tr>
<tr><td>Түйінді идея</td><td colspan="2">Оқуды жақсарту мүмкіндіктерін, сондай-ақ осы мүмкіндіктерді іске асыру әдістері мен түрлерін анықтауға бағытталған<br>бағалау қалыптастырушы немесе оқу үшін бағалау болып табылады</td></tr>
<tr><td>Кезеңдері</td><td>Коучтың іс-әрекеті</td><td>Мұғалімнің іс-әрекеті</td></tr>
<tr><td>Ширату<br><br>Қызығушылықты ояту<br><br>Ой қозғау</td><td>Ширату жаттығуы<br><br>Шын жүректен қарсы алу, жақсы көңіл-күймен отырғызу.<br><br>«Magic ball» әдісі<br><br>Сиқырлы шарларды сығу арқылы ішіндегі сөздерді айту, сол сөздердің ортақ тақырыбын анықтау<br><br>«Сәйкестендіру» әдісі<br><table><tr><td>Оқу мақсаты</td><td>қандай да бір жағдайға немесе әрекетке арналған жауап, пікір</td></tr><tr><td>Бағалау критерийі</td><td>оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқушының оқу барысында меңгерген білім, түсінік, дағды жетістіктерінің күтілетін нәтижесі арқылы қалыптасқан тұжырым.</td></tr><tr><td>Дескриптор</td><td>оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым.</td></tr><tr><td>Тапсырма</td><td>білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме.</td></tr><tr><td>Кері байланыс</td><td>оқушының құзіреттілік деңгейін (пәндік, тілдік және т.б.) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай.</td></tr></table></td><td>Жақсы музыка әуенімен билеп кіріп, жүректермен құшақтап, алақанды соғу арқы орнына отырады<br><br>Сиқырлы шарларды сығу арқылы ішіндег сөздерді тауып, сол сөздердің ортақ тақырыбын анықтайды<br><br>ҚБ негізгі түсініктер<br>▯ Қалыптастырушы бағалау– мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы (нәтижесі баға ретінде тіркелмейді).<br>▯ Оқу мақсаты - оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқушының оқу барысында меңгерген білім, түсінік, дағды жетістіктерінің күтілетін нәтижесі арқылы қалыптасқан тұжырым.<br>▯ Бағалау критерийі - білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме.<br>▯ Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым.<br>▯ Тапсырма – оқушының құзіреттілік деңгейін (пәндік, тілдік және т.б.) бағалауға мүмкіндік беретін нақты жағдай.<br>▯ Кері байланыс – қандай да бір жағдайға немесе әрекетке арналған жауап, пікір.<br><br>Бейнероликті тамашалап, ойларын толықтырады<br><br>Фигуралардан бейнелер жасайды</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | **Бейнеролик көрсету**<br><br>**Жұптық жұмыс(иықтас серіктеспен):**<br>«Арт-терапия» әдісі<br><br>**Тапсырма**: Фигуралар ұсыну. Сол фигуралардан бейнелер жасау.<br><br>Сурет аяқталған бойда қарсылас жұптармен суреттерді алмастыру. Бағалау критерийін ұсынып, қарсылас жұпқа бағалату.<br>**Бағалау критерийі:**<br>1. Суреттің толық салынуы;<br>2. Суретті ұқсата білуі;<br>3. Сыни ойлаудың болуы;<br><br>**Жұптарға сұрақтар:**<br>• Қойылған бағамен келісесіз бе?<br>• Неліктен?<br>• Жұмысыңызды бағалаған кезде қандай сезімде болдыңыз?<br>• Сіздің сабағыңызда оқушылар не үшін баға алғанын біле ме?<br>• Қалай және қайдан біледі?<br><br>**Топтық жұмыс:**<br>**«Топтас, бірік, талқыла» әдісі**<br>Әр топқа оқу мақсаты жазылған мәтін ұсыну. Оқу мақсатына негізделген тапсырма, тапсырмаға сәйкес дескриптор құрастыру.<br><br>Құрастырылған тапсырма, дескрипторды келесі топқа ұсынып, тапсырманы орындау.<br><br>**Жеке жұмыс:**<br>«ПОПС/ММММ» формуласын ұсыну | Суретті қарсылас жұптармен алмастырып, бағалау критерийіне сәйкес бағалайды<br><br>Жұптар сұрақтарға жауап береді.<br><br>Оқу мақсатына сай тапсырма және дескриптор құрастырады.<br><br>Келесі топ тапсырманы орындап, бірін-бірі бағалайды.<br><br>Қалыптастырушы бағалау бойынша «ПОПС/ММММ» формуласын толтырады |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>ПОПС формуласы/ММММ формуласы<br>Менің ойымша<br>Мен оны былай түсіндіремін<br>Мен мына мысалдармен дәлелдеймін<br>Мен мынадай қорытындығы келдім | |
| **Кері байланыс:** | «Ментиметр» қосымшасы арқылы коучингтен түртіп алған үш сөзіңізді жазыңыз... | «Ментиметр» қосымшасы арқылы коучингтен түртіп алған үш сөзіңізді жазады. |
| **Бағалау** | Мотивациялық смарт сағаттар ұсыну |  |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақтың кезені/ уақыт | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**5 минут** | **Ұйымдастыру**<br>1. Сыныппен амандасу, оқушыларды түгендеу.<br>**Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. «Бас бармақ» әдісі арқылы оқушылардың көңіл –күйін анықтау**<br><br>Оқушыларды бағалау парағымен таныстыру,оқушыларға таратып беру<br>**Оқушыларды «Сиқырлы қобдиша» әдісі арқылы жарнама және инфографика деп екі топқа бөлінеді**<br><br><br>**Өткенді қайталау сұрақтары: « wordwall» әдісі**<br>https://wordwall.net/resource/53016312<br><br> | Бас бармақ арқылы көңіл күйлерін көрсетеді.<br><br>Оқушылар бағалау парағын алады<br><br>Оқушылар қобдиша ішіндегі май шамдар арқылы екі топқа бөлінеді<br><br>Сұрақтарға жауап береді | Бас бармақ әдісі<br><br>Merci шоколад қолыма алып жұдырықты ұру арқылы оқушыларды бағалаймын. Шоколад үстінде мадақтау сөздері жазылған. | <br><br><br>Merci шоколадтар ы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**35 минут**<br><br><br><br>**5 минут** | Жаңа сабақпен таныстыру. «Ой қозғау» әдісі<br>https://www.youtube.com/watch?v=OTzZDUGOimk<br><br>**Мақсаты:**Жаңа сабақпен танысады<br>**«Сұрақ менен, жауап сенен» әдісі**<br>Сұрақтарға жауап беру<br>1. Жарнама дегеніміз не?<br>2. Жарнамалық үндеу дегеніміз не?<br>3. Жарнамалық үндеуді қандай уақытта қолданады?<br>4. Инфографика дегеніміз не?<br>5. Инфографиканың маркетингпен байланысы қандай?<br>6. Инфографика әзірлейтін қандай тиімді сервистерді білесіңдер?<br>7. Контент-маркетинг –дегегеніміз не?<br>**Мақсаты:** Бейнероликтан түсінгені бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>1-тапсырма.Топтық жұмыс «**Топтас, бірік, талқыла»** әдісі<br>**Жарнама** тобы-Жарнама, жарнама түрлері<br>ЕБҚЕО- оқушы осы топен топтасады<br>**Инфографика** тобы - Инфографика түрлер және оны жасауға арналған құралдар **(2 балл)**<br>**2-тапсырма. Жұптық жұмыс.** «Айна» әдісі<br>**Практикалық жұмыс**<br>ЕБҚЕО- оқушы осы жұппен жасайды<br>**www.canva.com сайтынада жарнамалық инфографика әзірлеу. (2 балл)**<br> | <br><br>Оқушылар видео қарайды<br><br><br><br><br><br>Оқушылар сұрақтарға жауап береді | Мұғалімнің кері байланысы<br>Ауызша мадақтау, ынталандыру (ҚБ)<br><br>**Дескриптор**:<br>1 топ<br>• Жарнама анықтамасын айтады- 1б<br>• Жарнама түрлерімен таныстырады- 1б<br>2 топ<br>• Инфографика анықтамасын айтады-1 б<br>• Инфографика түрлерімен таныстырады-1 б<br>**«Мамандықтар» әдісі** (ҚБ)<br>Мадақтау сөздер жазылған оқушыларға таратылады<br>**Дескриптор:**<br>**www.canva.com** сайтына да жарнама жасайды -1б<br>**www.canva.com** сайтына да инфографика жасайды-1 б<br>«Сервисттер» әдісі (ҚБ) | https://www.youtube.com/watch?v=OTzZDUGOimk<br>Оқулық<br><br><br>Оқулық<br><br><br>Оқулық, компьютер<br><br><br>Мамандықтардың фотосы бар дөңгелектер |

<table>
<tr>
<td>5 минут</td>
<td>
3-тапсырма. Жеке жұмыс. «Жүйрік болсаң, озып көр!» әдісі<br>
Инфографиканың 4 түріне сипаттама беріңдер: (4 балл)
<table>
<tr><td>Статистикалық</td><td>Иерархия</td><td>Матрица</td><td>Фото</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
ЕБҚЕО-тапсырмасы<br>
4-тапсырма. Тақырыпқа байланысты термин сөздерді табыңдар:<br>
https://wordwall.net/resource/57289611<br>

<br>
(4 балл)<br>
<br>
Саралау тапсырмасы. «Қарқын» әдісі<br>
Инфографика түрін таңдап, өздерінің жарнама инфографикаларын жасау.<br>
<br>
Сабақты бекіту. «Quizizz» әдіс<br>
5-тапсырма.Тест сұрақтарына жауап беріңдер. (2 балл)<br>
https://quizizz.com/admin/quiz/640acc82ba103a001dbd27ad?source=quiz_share
</td>
<td>
Инфографиканың 4 түрін сипаттап жазады<br>
<br>
ЕБҚЕО оқушы тақырыпқа байланысты сөздерді табады<br>
<br>
Оқушы өзіне ұнаған инфографика жарнамасын жасайды.<br>
<br>
Оқушылар жауаптарды сәйкестендіреді
</td>
<td>
Дескриптор:<br>
• Инфографиканың статистикалық түрін сипатайды-1 б<br>
• Инфографиканың иерархия түрін сипатайды-1 б<br>
• Инфографиканың матрица түрін сипатайды-1 б<br>
• Инфографиканың фото түрін сипатайды-1 б<br>
<br>
«Мамандықтар» әдісі (ҚБ)<br>
<br>
Дескриптор:<br>
Тақырыпқа байланысты фото сөзін табады-1 б<br>
Тақырыпқа байланысты статистикалық сөзін табады-1 б<br>
Тақырыпқа байланысты инфографика сөзін табады-1 б<br>
Тақырыпқа байланысты жарнама сөзін табады-1 б<br>
«Мамандықтар» әдісі (ҚБ)<br>
<br>
Бас бармақ әдісі (ҚБ)<br>
<br>
Дескриптор:<br>
• Жарнаманың ұғымын, түрлерін біледі- 1 б<br>
• Инфографика ұғымын түсінеді және түрлерін ажырата алады-1б
</td>
<td>
https://www.canva.com/<br>
<br>
Инфографика жасауға арналған сервистер фотоларын беру арқылы бағалаймын<br>
<br>
Оқулық<br>
<br>
Кесте<br>
<br>
https://wordwall.net/resource/57289611<br>
<br>
https://quizizz.com/admin/quiz/640acc82ba103a001dbd27ad?source=quiz_share
</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| |  | | Мұғалімнің кері байланысы<br>Ауызша мадақтау, ынталандыру (ҚБ) | |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**5 минут** | **Рефлексия**<br><br><br>**Бағалау:** Бағалау парағы арқылы бағалаймын<br> | **Рефлексия** жүргізеді стикер окушылар өз ойын жазады<br><br>Өздерін бағалау шкаласына карап бағалайды | Мұғалімнің кері байланысы<br>Ауызша мадақтау, ынталандыру (ҚБ) | https://jamboard.google.com/d/1rLqk_dy07f6Akem-pA3HQM9QPMjmRhnoFAy05rcI7aQ/viewer?f=0 |
| **Үйге тапсырма:** | Өткенді қайталау | Жазып алады | | Күнделік |



# IT STARTUP (АЙ-ТИ СТАРТАП) ЖӘНЕ ЖАРНАМА

**Ешжанова Әсел Кенесбайқызы**
*Жалпы білім беретін №7 М.Әуезов атындағы орта мектептің информатика пәні мұғалімі, педагог - сарапшы*

| Қысқа мерзімді сабақ жоспары | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Бөлім** | **11.5.3В. IT Startup** | | | |
| **Педагогтың аты-жөні** | Ешжанова Әсел Кенесбайқызы | | | |
| **Күні** | | | | |
| **Сынып: 11 а** | Қатысушылар саны | | Қатыспағандар саны | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | IT Startup (ай-ти стартап) және жарнама | | | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 11.5.3.4 маркетингтік жарнама құру (инфографика, видео) | | | |
| **Сабақтың мақсаты:** | • Жарнаманың ұғымын, түрлерін біледі<br>• Инфографика ұғымын түсінеді және түрлерін ажырата алады | | | |

**Сабақтың барысы:**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтың әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br><br>**5 минут** | **Ұйымдастыру**<br>1. Сыныппен амандасу, оқушыларды түгендеу.<br>**Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. «Бас бармақ» әдісі арқылы оқушылардың көңіл –күйін анықтау**<br><br>Оқушыларды бағалау парағымен таныстыру,оқушыларға таратып беру<br>**Оқушыларды «Сиқырлы қобдиша» әдісі арқылы жарнама және инфографика деп екі топқа бөлінеді**<br><br>**Өткенді қайталау сұрақтары: « wordwall» әдісі**<br>**https://wordwall.net/resource/53016312**<br> | Бас бармақ арқылы көңіл күйлерін көрсетеді.<br><br>Оқушылар бағалау парағын алады<br><br>Оқушылар қобдиша ішіндегі май шамдар арқылы екі топқа бөлінеді<br><br>Сұрақтарға жауап береді | Бас бармақ әдісі<br><br>Merci шоколад қолыма алып жұдырықты ұру арқылы оқушыларды бағалаймын. Шоколад үстінде мадақтау сөздері жазылған. | <br><br><br>Mercі шоколадтар ы |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**35 минут** | Жаңа сабақпен таныстыру. «Ой қозғау» әдісі<br>https://www.youtube.com/watch?v=OTzZDUGOimk<br><br>**Мақсаты:**Жаңа сабақпен танысады<br>**«Сұрақ менен, жауап сенен» әдісі**<br>Сұрақтарға жауап беру<br>1. Жарнама дегеніміз не?<br>2. Жарнамалық үндеу дегеніміз не?<br>3. Жарнамалық үндеуді қандай уақытта қолданады?<br>4. Инфографика дегеніміз не?<br>5. Инфографиканың маркетингпен байланысы қандай?<br>6. Инфографика әзірлейтін қандай тиімді сервистерді білесіңдер?<br><br>7. Контент-маркетинг –дегегеніміз не?<br>**Мақсаты:** Бейнероликтан түсінгені бойынша сұрақтарға жауап береді. | Оқушылар видео қарайды<br><br>Оқушылар сұрақтарға жауап береді | Мұғалімнің кері байланысы<br>Ауызша мадақтау, ынталандыру (ҚБ)<br><br>**Дескриптор**:<br>1 топ<br>• Жарнама анықтамасын айтады- 1б<br>• Жарнама түрлерімен таныстырады- 1б<br>2 топ | https://www.youtube.com/watch?v=OTzZDUGOimk<br>Оқулық<br><br>Оқулық<br><br>Оқулық, компьютер |

<table>
<tr>
<td>5 минут</td>
<td>1-тапсырма.Топтық жұмыс «Топтас, бірік, талқыла» әдісі<br>Жарнама тобы-Жарнама, жарнама түрлері<br>ЕБҚЕО- оқушы осы топен топтасады<br>Инфографика тобы - Инфографика түрлер және оны жасауға арналған құралдар (2 балл)<br>2-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Айна» әдісі<br>Практикалық жұмыс<br>ЕБҚЕО- оқушы осы жұппен жасайды<br>www.canva.com сайтынада жарнамалық инфографика әзірлеу. (2 балл)<br>
</td>
<td></td>
<td>• Инфографика анықтамасын айтады-1 б<br>• Инфографика түрлерімен таныстырады-1 б<br>«Мамандықтар» әдісі (ҚБ)<br>Мадақтау сөздер жазылған оқушыларға таратылады<br>Дескриптор:<br>www.canva.com сайтына да жарнама жасайды -1б<br>www.canva.com сайтына да инфографика жасайды-1 б<br>«Сервисттер» әдісі (ҚБ)</td>
<td><br>Мамандықтардың фотосы бар дөңгелектер</td>
</tr>
<tr>
<td>5 минут</td>
<td>3-тапсырма. Жеке жұмыс. «Жүйрік болсаң, озып көр!» әдісі<br>Инфографиканың 4 түріне сипаттама беріңдер: (4 балл)<br>
<table>
<tr><td>Статистикалық</td><td>Иерархия</td><td>Матрица</td><td>Фото</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table><br>
ЕБҚЕО-тапсырмасы<br>4-тапсырма. Тақырыпқа байланысты термин сөздерді табыңдар:<br>https://wordwall.net/resource/57289611</td>
<td>Инфографиканың 4 түрін сипаттап жазады<br><br>ЕБҚЕО оқушы тақырыпқа байланысты сөздерді табады</td>
<td>Дескриптор:<br>•Инфографиканың статистикалық түрін сипатайды-1 б<br>• Инфографиканың иерархия түрін сипатайды-1 б<br>• Инфографиканың матрица түрін сипатайды-1 б<br>• Инфографиканың фото түрін сипатайды-1 б<br><br>«Мамандықтар» әдісі (ҚБ)<br><br>Дескриптор:<br>Тақырыпқа байланысты фото сөзін табады-1 б<br>Тақырыпқа байланысты статистикалық сөзін табады-1 б<br>Тақырыпқа байланысты инфографика сөзін табады-1 б</td>
<td>https://www.canva.com/<br>
<br>
<br>Инфографика жасауға арналған сервистер фотоларын беру арқылы бағалаймын<br><br>Оқулық<br><br>Кесте<br><br>https://wordwall.net/resource/57289611</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br><br>**(4 балл)**<br><br>Саралау тапсырмасы. «Қарқын» әдісі<br>Инфографика түрін таңдап, өздерінің жарнама инфографикаларын жасау.<br><br>**Сабақты бекіту. «Quizizz» әдіс**<br>**5-тапсырма.Тест сұрақтарына жауап беріңдер.** **(2 балл)**<br>https://quizizz.com/admin/quiz/640acc82ba103a001dbd27ad?source=quiz_share<br><br> | Оқушы өзіне ұнаған инфографика жарнамасын жасайды.<br><br>Оқушылар жауаптарды сәйкестендіреді | Тақырыпқа байланысты жарнама сөзін табады-1 б<br>«Мамандықтар» әдісі (ҚБ)<br><br>Бас бармақ әдісі (ҚБ)<br><br>Дескриптор:<br>- Жарнаманың ұғымын, түрлерін біледі- 1 б<br>- Инфографика ұғымын түсінеді және түрлерін ажырата алады-1б<br><br>Мұғалімнің кері байланысы<br>Ауызша мадақтау, ынталандыру (ҚБ) | https://quizizz.com/admin/quiz/640acc82ba103a001dbd27ad?source=quiz_share |
| **Сабақтың соңы**<br><br>**5 минут** | **Рефлексия**<br><br> | **Рефлексия** жүргізеді стикер оқушылар өз ойын жазады | Мұғалімнің кері байланысы<br>Ауызша мадақтау, ынталандыру (ҚБ) | https://jamboard.google.com/d/1rLqk_dy07f6Akem-pA3HQM9QPMjRhnoFAy05rcI7aQ/viewer?f=0 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>**Бағалау:** Бағалау парағы арқылы бағалаймын<br> | Өздерін бағалау шкаласына қарап бағалайды | | |
| **Үйге тапсырма:** | Өткенді қайталау | Жазып алады | | Күнделік |



# САНДЫҚ ӨРНЕКТЕРДІ САЛЫСТЫРУ


**Жусупова Айнұр Жұмабекқызы**

*Атырау облысы, Атырау қаласы,*

*жалпы білім беретін №7 М.Әуезов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог - зерттеуші*


| | |
|---|---|
| **Пәні:** | **Математика** |
| **Бөлім:** | Саяхат |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Жусупова А.Ж. |
| **Күні:** | 04.03.2025ж |
| **Сынып:** | 1 «а» сынып |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Санды өрнектерді салыстыру** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 1.2.2.1 теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра білу;<br>1.2.1.5 жақшасыз әріпті/санды өрнектерді салыстыру; |
| **Сабақтың мақсаты** | теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра біледі;<br>жақшасыз әріпті/санды өрнектерді салыстырады; |
| **Құндылықтар:**<br>**Ақпан айы:**<br>**Жасампаздық пен жаңашылдық** | Сабақ құндылығы: ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ<br>Апта дәйексөзі: **Жаңашылдық - заман талабы** |
| **Сабақтың барысы** | |

| Сабақтың кезеңі// уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы*** | Психологиялық ахуал қалыптастыру<br>« Амандасу» әдісі<br>1.Қол алысады<br>2. Құшақтасады<br>3. Қол бұлғайды<br>4. Жұдырық түйістіреді | Қимылдар жасайды | Көңіл күйлерін көтеріп отыру<br><br>Қазақша смайлдер арқылы мадақтап отыру<br><br> | Музыка<br>Суреттер<br> |
| Өткенді пысықтау | Өткенді пысықтау<br>**«wordwall» әдісі**<br>Амалдарды орында<br>100 – 80=20 70+20=90<br>80 + 10=90 90-30=60<br>60 – 40=20 60-50=10 | Өткенді пысықтайды | Дескриптор:<br>Амалдарды орындайды<br>Өткен тақырыптарды біледі<br>«Әмиян» әдісі бойынша мадақтап отыру<br><br> | |
| ***Сабақтың ортасы*** | Жаңа тақырып<br>Топтық жұмыс<br>**«Топтас,бірік,талқыла» әдісі**<br>1-тапсырма<br>1-топ<br>Суретте ұлттық киім киген неше бала бейнеленген?(10)<br>2-топ<br>Ұлдар мен қыздардың санын салыстыр.(5=5)<br>3-топ<br>Музыкалық аспаптары бар балаларды басқа балалармен салыстыр.(3<7) | Өлшеу жұмысын жүргізеді<br><br>Тапсырманы ауызша орындайды | Дескриптор:<br>Ұлдар мен қыздардың санын салыстырады<br>Музыкалық аспаптары бар балаларды басқа балалармен салыстырады | Суреттер<br><br>Оқулық |
| | Дәптермен жұмыс<br>2-тапсырма<br>Теңсіздіктер құрастыр<br>4+2<3+2<br>4+2<4+3<br>3+2<3+3<br>3+2<4+3 | Теңсіздік құрастырып жазады | <br><br>Дескриптор:<br>Теңсіздіктер құрастырады<br>Артық,кем, тең ұғымын түсінеді | <br>Жұмыс дәптері |
| | Жұптық жұмыс «Айна» әдісі<br>3-тапсырма | Екі санды, сан мен өрнекті, екі өрнекті қалай | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергіту сәті | 50 < 90<br>30 >50<br>70 > 30<br>2-топ<br>10 + 20 = 30<br>90 – 70 < 60<br>20 + 20 < 30<br>3-топ<br>50 – 20 = 60 – 30<br>100 – 40 = 30 + 30<br>20 + 40 > 60 – 40<br><br>«Нейрожаттығу» әдісі<br><br>Жеке жұмыс **«Жүйрік болсаң,озып көр!» әдісі**<br>4-тапсырма<br>Суреттер бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құрастыр<br>1-топ<br>3+2<3+3<br>2-топ<br>3+2>4-2<br>3-топ<br>5-2=6-3<br><br>ФС тапсырмасы<br>5-тапсырма<br>Суреттер мен қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастыр.<br>Оларды шығар<br>1-есеп<br>Би сайысына бес қыз қатысты.<br>Олардың екеуі үйлеріне кетті.<br>Неше қыз қалды?<br>Барлығы-5қыз<br>Кетті-2қыз<br>Қалды-?қыз<br>5-2=3<br>Ж: 3 қыз қалды.<br>2-есеп<br>Би сайысына әуелі 3 қыз келді.<br>Тағы 2 қыз келіп оларға қосылды<br>Барлығы қанша болды?<br>Бар еді-3қыз<br>Қосылды-2 қыз<br>Барлығы-?қыз<br>3+2=5<br>Ж: Барлығы 5 қыз болды | салыстыруға болатынын есіңе түсіреді<br><br>Жаттығу жасайды<br><br>Тапсырманы орындайды<br><br>Есеп құрастырып, шығарады<br><br>Зерттеу жүргізеді | <br>Керемет!<br><br>«Әмиян» әдісі бойынша мадақтап отыру<br><br>Дескриптор:<br>Екі санды, сан мен өрнекті, екі өрнекті қалай салыстыруға болатынын біледі<br>САн мен өрнекті салыстырады<br><br>Дескриптор:<br>Суреттер бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құрастырады<br>Оларды оқи алады<br><br>Дескриптор:<br>Суреттер мен қысқаша жазылуы бойынша есептер құрастырады.<br>Оларды шығарады | Қима қағаз<br><br><br><br>Оқулық<br><br><br>Жұмыс дәптері<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақты қорыту***<br><br>Кері байланыс | 3-топ<br>Зерттеушілік тапсырма<br>6-тапсырма<br>«Сиқырлы» сандарды табады.<br>Қандай бірдей үш қосылғыштың қосындысы 90-ға тең болады? (30)<br>30+30+30=90<br>Қандай бірдей екі қосылғыштың қосындысы 20-ға тең болады? (10)<br>10+10=20<br>30+10=40<br>Жауабы: «Сиқырлы» сандар – 30, 10.<br><br> | Кері байланыс жасайды | <br><br>Дескриптор:<br>Зерттеушілік тапсырманы орындайды<br>Сиқырлы санды табады.<br><br>«Білім гүлі» әдісі | Оқулық<br><br>Кері байланыс парағы |



# ДӘРУМЕНДЕРДІҢ ПАЙДАСЫ

**Кенжебаева Алима Бекболқызы**
*Атырау облысы, Атырау қаласы*
*Жалпы білім беретін №7 М.Әуезов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | | |
| **Пәні:** | **Әдебиеттік оқу Атамұра** | |
| **Бөлім:** | Дені саудың жаны сау | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Кенжебаева Алима Бекболқызы | |
| **Күні:** | | |
| **Сынып: 2** | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Дәрумендердің пайдасы**. | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;<br>2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу;<br>2.1.2.1*- шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз | |

| | |
|---|---|
| | сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау; |
| **Сабақтың мақсаты** | шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;<br>сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салады;<br>шығарманың мазмұнын сахналайды; |
| **Құндылықтар:**<br>**Қаңтар айы: Заң және тәртіп** | Сабақ құндылығы: БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ<br>Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ тың басы | Психологиялық ахуалды жақсарту<br>-Біз қандаймыз, қандаймыз?<br>-Шұғылағы таңдаймыз!<br>-Бір – бірімізді<br>-Қолдаймыз!<br>-Пікіріміз<br>-Құнды!<br>-Қателесуге<br>-Қорықпаймыз!<br><br>**Өткен сабақты қайталау**<br>**«Ертегі кітап. Сиқырлы кітап»**<br>**«Ой қозғау»**<br>- Өткен сабақта қандай тақырыппен таныстық?<br>- Ертегіні мазмұндап берші<br>- Ертегенің кейіпкерлері?<br>- Ертегідегі жағымды кейіпкер? Неліктен?<br><br>**«Ой қозғау»**<br>**«Квест ойыны»**<br>Балаларға белгілі бір көгөніс және жемістер жасырылады. Балалар сипап сезу арқылы атауын айтады.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау<br>**Жаңа тақырып:** Дәруменнің пайдасы.<br>Жемістер мен көгөністер айтысы<br>Бейнежазба<br>Қосымша мәліметтер айтылады<br>**Құндылық мақсаты: Денсаулықты күте білу**<br>**1-тапсырма**<br>**Оқулықпен жұмыс** | Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді.<br><br>Үй тапсырмасын айтады<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Бейнежазба көреді | Мақтап, мадақтап отыру<br><br>Мадақтау<br><br>Дескриптор:<br>Өлеңді мәнерлеп оқиды -1б<br>Өлеңнің негізгі ойын | Суреттер<br><br>Оқулық<br><br>Суреттер<br><br>Суреттер<br><br>Оқулық<br><br>Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ тың ортасы<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сергіту сәті | Өлеңді рөлге оқы.<br>Өлең не туралы?<br><br><br><br><br>**2- тапсырма**<br>**Жұптық жұмыс**<br>**«Кесте» әдісі**<br>Мәтінге сүйеніп,кестені толтыр.<br>Тұмау – бұл кез келген адамның жұқтыруы мүмкін жұқпалы ауруы. Аурудың белгісі адам әлсіреп, ештеңе зауқы болмайды. Тұмаудың алдын алу үшін С дәрумені бар жемістерді жеген жөн деп айтады ғалымдар. Сонымен қатар қыс мезгілінде бізге күн сәулесі аз мөлшерде түседі.Адамдар шаршаңқы болады. Сол себепті осы мезгілде Д дәруменін ішкен жөн.<br><br>**3 тапсырма.**<br>**Жұмбақтың шешуін тап, суретін тап**.<br>Бұл не деген көп киім,<br>Жетпіс қабат көп киім.<br>Жаңбыр одан өтпейді,<br>Қабат – қабат тоны бар,<br>Түймелеуге жетпейді.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>«Ритм так»<br><br><br>**3 – тапсырма**<br>**Топтық жұмыс жұмыс**<br>**«Оқы, жина, талда» әдісі**<br>1 топ – Алма туралы жұмбақ құрастырып көр.<br>2 топ – Көгөністер мен жемістердің өлең жолдарын атауын тап.<br>3 топ – Бос тор көздерге витаминдердің қай жемістерде кездесететін жаз<br><br>**Қорытындылау**<br>**«Жолы болғыш құралдар»**<br>Балалардың оқу құралдары қорапқа салынады және араластылады.<br>Қорап ашылып, бір баланың құралы алынады және сол оқушыға сұрақтар қойылады. | Өлеңді оқиды<br><br><br><br><br>Кестені толтырады<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Жеке жұмыс жасайды<br><br><br><br><br><br>Жаттығу жасайды<br><br><br><br><br>Оқушылар тапсырмаларды орындайды<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сұрақтарға жауап береді | әңгімелейді -1б<br>Өлеңді рөлге бөліп, сахналайды – 1 б<br>Сұрақтарға жауап береді – 1 б<br><br><br>Дескриптор:<br>Мәтінде айтылған ауру түрін жазады-1б<br>Аурудың белгілерін жазады-1б<br>Қажетті дәрумендерді жазады-1б<br><br><br><br><br>Дескриптор:<br>Жұмбақтың шешуін табады-1б<br>Жұмбақтың шешуі бойынша суретін салады -1 б<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Дескриптор:<br>Алма туралы жұмбақ құрастырады-1б<br>Көгөністердің атауларын табады - 1б<br>Дәрумендердің қай жемістерде кездесетінін жазады – 1 б | Қимылдар<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кері байланыс жасайды | «Рефлексия»<br>**Бағдаршам**<br><br>**Үйге тапсырма**<br>Өзің ұнататын жемістер және олардың пайдасы туралы жаз | | | |



## КӨП ТАҢБАЛЫ САНДАРДЫ ЖАЗБАША БӨЛУ. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ/ КӨРНЕКТІ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ/

**Кисметова Жанар**
*Атырау облысы, Атырау қаласы,*
*Жалпы білім беретін М.Әуезов атындағы №7 орта мектеп бастауыш сынып сарапшы-педагогы*

| | | |
|---|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | №7 М.Әуезов атындағы орта мектеп | |
| Пәні: | Математика | |
| Бөлім: | Мәдени мұра | |
| Педагогтің аты-жөні: | Кисметова Жанар | |
| Күні: | 19.11.2024ж | |
| Сыныбы : 4 «Ә» | Қатысушылар саны 20 | Қатыспағандар саны |
| Тақырыбы | Көп таңбалы сандарды жазбаша бөлу. Қорытындылау / Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері/ | |
| Оқу мақсаты | 4.1.2.11** екі таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану; | |
| Сабақтың мақсаты | екітаңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолданып есептерді шығарады | |
| Құндылық | ✓ **<u>тәуелсіздік және отаншылдық</u>**<br>тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;<br>қоршаған ортаға қамқорлық жасау | |
| | Сабақтың барысы | |

| Сабақ-тың жоспар- | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурс-тар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ланған кезең-дері | | | | |
| Сабақтың басы | I. Ұйымдастыру<br>Сәлемдесу. **«Егер саған ұнаса ...»**<br>**Психологиялық дайындық**<br>Егер саған ұнаса саусағыңмен тырсылдат,<br>Егер саған ұнаса шапалақта жараса.<br>Егер саған ұнаса аяғыңмен тарсылдат,<br>Егер саған ұнаса айтайықшы «ТАМАША»! | 1.Мұғаліммен сәлемдеседі.<br>2.Өлең шумағын айтады. | Жарайсыңдар! | |
| | Үй тапсырмасын сұрау<br>9-тапсырма. Өрнектердің мәнін тап.<br>208 · (50 820 : 33 + 460) : 40=10400<br>(28 254 : 34 + 12 505 : 61) · 20=20720<br>259 · 69 + 1 836 : 27=17939 | Өрнектердің мәнін есептеп шығарады | ҚБ:Жарайсың!<br>Өте жақсы!<br>Талпын! | |
| Жаңа сабақ<br><br>Білу және түсіну<br><br><br><br>Сабақтың ортасы | Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен танысады<br>III. Жаңа тақырып. **Көп таңбалы сандарды жазбаша бөлу. Қорытындылау**<br>1-тапсырма.Жазбаша есепте.<br>**Топтық жұмыс**. **«Тұлғаны таны»** Әр топқа тұлғалардың суретін ұсыну, әр суреттің астында берілген бағандағы өрнектердің мәнінің қосындысын тауып, осы тұлғалар туралы білетіндерін еске түсіріп, айтып береді.<br><br>241 · 2 000=482000 320 · 99=31680<br>96 300 : 300=321 320 · 1 001=320320<br>560 000 : 80=7000 320 · 300=96000<br>72 000 : 8 000=9 23 400 · 20=468000<br>482000+321+7000+9=489330 М. Жұмабаев<br>31680+320320+96000+468000=916000<br>Ш. Құдайбердиев<br>45 · 99=4455 200 · 240=48000<br>45 · 1 001=45045 72 000 : 900=80<br>45 · 1 000=45000 540 000 : 60=9000<br>320 · 1 000=320000 3 700 · 200=740000<br>4455+45045+45000+320000=414500<br>С. Сейфуллин<br>48000+80+9000+740000=797080<br>А. Байтұрсынұлы | Ауызша есептейді. Әр бағандағы өрнектердің мәнінің қосындысын табады.<br><br><br>Жазылуын және есептеу тәсілдерін түсіндіреді. | Дескриптор:<br>1. Жазбаша есептейді. 1б<br>2. Әр бағандағы өрнектердің мәнінің қосындысын табады .1б | Оқулық<br><br>Оқулық<br>Дәптер<br><br><br>Дәптер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Бекіту | **2-тапсырма. Жазылуын және есептеу тәсілдерін түсіндір**<br><br><br>ә)**Жазбаша есепте және түсіндір**. **Тақтамен жұмыс**<br>27 200 : 320=85 17 920 : 280 =64<br>22 400 : 640 =35 16 720 : 440 =38<br><br>**3-тапсырма. Есептеп, дұрыстығын тексер.Өзіндік жұмыс**<br>14 880 : 620=24 986 000 : 5 800=170<br>24 *620 =14880 170*5800 =986000<br>**ЕБҚ тапсырмасы**<br>**Есепте:**<br>• 34 × 2 = 74<br>• 47 × 3 = 141<br>• 50×2+ 14=114<br>• 630 : 9 -7 = 63<br><br>**5-тапсырма.**Есепті диаграммада берілген мәліметтермен толықтыр және шығар.<br>**1- топ. Шартын құрады**<br>**2- топ. Сызбасын сызады**<br>**3- топ. Диаграмма құрады**<br>**4- топ. Шешуін тауып , жауабын жазады**<br>Бауыржан -5жас } 5жас } 3есе<br>Арман -10жас<br>Ерлан-18жас<br>Анасы-?жас<br>Әкесі -?жас<br>Ш: 5+10+18=33ж (барлық баласы)<br>33+5=38ж (анасы)<br>5+10=15ж (Арман мен Бауыржан)<br>15*3=45 (әкесі)<br>45- 38 =7 (жас)<br>Ж: Әкесі 7 жасқа үлкен.<br><br>**4-тапсырма. Теңдеулерді шеш.**<br>570 *x – 4 700 = 13 540<br>570*x=13540+4700<br>570*x=18240<br>x=18240:570<br>x=32<br>570*32-4700=13540<br>13540=13540 | Есептеп, дұрыстығын тексереді.<br><br>**Сергіту сәті : «Киіз басу» б**<br><br>Есепті диаграммада берілген мәліметтермен толықтырады және шығарады.<br><br>Теңдеулерді шешеді. | Дескриптор:<br>1. Жазылуын және есептеу тәсілдерін түсіндіреді.1б<br><br>Дескриптор:<br>1. Есептеп, дұрыстығын тексереді.1б<br><br>Дескриптор:<br>1. **Есепті диаграммада берілген мәліметтермен толықтырады және шығарады.** 1б<br>**Шартын құрады** 1б<br>**Сызбасын сызады** 1б<br>**Шешуін тауып , жауабын жазады** 1б | Карточкалар<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (31 * 550 –x) *120 = 10 200<br>31*550-x=10200:120<br>17050-x=85<br>x=16965<br>(31*550-16965)*120=10200<br>10200=10200<br><br>6-тапсырма. **Жұптық жұмыс.Жазбаша есепте және тексер.**<br>440 · 440= 193600 193600 :440 =440<br>54 180 : 35 =1548 1548*35 =54180<br>606 · 660 =399960 399960:660 =606 | Жазбаша есептейді және тексереді | Дескриптор:<br>1. Теңдеулерді шешеді.1б<br><br>**Дескриптор:**<br>Жазбаша есептейді және тексереді 1б | |
| Сабақтың соңы | IV.Сабақты қорытындылау<br>(оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне оралу):<br>-Бүгінгі оқу мақсаты қандай болды?<br>-Жетістік критерийлеріне жеттік пе?<br>Үй тапсырма<br>10-тапсырма. Есепте.<br>30 660 : 420 =73<br>25 200 : 560 =45<br>221 130 : 630 =351<br>132 300 : 540 =245<br>430 500 : 3 500= 123<br>993 300 : 4 300=231<br>Оқушылардың білімін бағалау<br>**Рефлексия: «Бастың пазласын құрастыру»** | Бүгінгі сабақтағы өзінің әрекеті туралы, жаңа білімді меңгерудегі өзінің жетістіктері мен қиыншылығы туралы ой бөліседі. өзін бағалайды сабақтан алған әсерлерімен бөліседі Сұрақтар қояды, қосымша түсіндіруді қажет ететін тұстарын айтады. Сабақ немесе тақырып бойынша өз пікірін айтып, | Кері байланыс :<br>Бүгінгі сабақтың оқу мақсатына жеттік пе ?<br>Бүгінгі сабақта не үйрендің ?<br>Қорытынды бағалау .<br>ҚБ : 1-10 б жүйе<br>Мадақтау сөздер<br>Жарайсыңдар!<br>**Домбыра арқылы өздерін бағалайды** |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br> | болашақта не қалайтынын білдіреді. Оқушы өз оқуында қандай әдістердің тиімді болғанын байқайды.<br> Қателерінің себептерін анықтап, оларды түзету жолдарын ойластырады.<br> өзінің жетістіктерін және қиындықтарын анықтайды.<br> Тапсырма барысында не сәтті болғанын және қай жерде қиналғанын түсінеді.<br> Өзінің жауаптарын және шешімдерін талдайды | | |



## ЖАС МАМАН – ЖАҢАШЫЛДЫҚ ПЕН ІЗДЕНІСТІҢ БАСТАУЫ

**Коптлеуова Клара Тажгалиевна**
*Атырау облысы, Атырау қаласы,*
*жалпы білім беретін М.Әуезов атындағы*
*№ 7 орта мектеп бастауыш сынып зерттеуші - педагогы*

Мектепке алғаш рет жас маман болып келген сәт – кез келген педагог үшін толқынысты әрі жауапты кезең. Жоғары оқу орнындағы теориялық біліммен қаруланған жас ұстаз мектепке келгенде шынайы педагогикалық үдерістің күрделілігін түсінеді. Ол оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен қарым-қатынас жасауды, білім беру жүйесінің ерекшеліктерін

меңгеруді үйренеді. Бұл кезеңде тәжірибелі әріптестердің қолдауы, өз бетімен үздіксіз білім алуы және кәсіби дамуға деген құлшынысы маңызды рөл атқарады.

Жас маман үшін мектеп – тек білім беретін орын ғана емес, сонымен қатар өзін кәсіби тұрғыда қалыптастыратын орта. Алғашқы сабақтарын өткізген кезде ол оқушылардың психологиясын түсіну қажеттігін сезінеді. Балалардың көзіндегі сенім, олардың сұрақтары мен қызығушылығы мұғалімді одан әрі ізденуге, әр сабақты қызықты әрі мазмұнды етіп өткізуге итермелейді. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану қажет екенін түсінеді. Сол себепті жас маман өз педагогикалық шеберлігін шыңдау үшін әртүрлі әдістемелік құралдармен танысып, тәжірибе жинақтауы керек.

Мектептегі жұмыс барысында жас маман тек оқушылармен ғана емес, әріптестерімен де тығыз байланыста болады. Тәжірибелі ұстаздардың кеңесі мен қолдауы оның кәсіби шеберлігін шыңдауға көмектеседі. Әріптестердің сабақтарына қатысу, әдістемелік бірлестіктердегі талқылауларға араласу – мұғалімнің біліктілігін арттырудың тиімді жолы. Сонымен қатар мұндай ортада жұмыс істеу жас маманның өзін сенімді сезінуіне ықпал етеді. Тәжірибелі мұғалімдердің сабақ жүргізу әдістерін бақылау, олардың оқушылармен жұмыс жасау дағдыларын меңгеру – кәсіби дамудың маңызды бөлігі.

Қазіргі заман мұғалімінен тек пәндік білімді меңгеру ғана емес, сонымен қатар жаңашылдыққа бейім болу талап етіледі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде жаңа технологиялар кеңінен қолданылып келеді. Сондықтан жас маман ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеріп, заманауи оқыту әдістерін қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруы керек. Сабақ барысында интербелсенді әдістерді пайдалану, оқушыларды топтық және жеке жұмысқа ынталандыру – оқыту сапасын жақсартудың маңызды тәсілдері. Сонымен қатар әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру, олардың оқу жетістіктерін бақылау және уақтылы кері байланыс беру – мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі.

Әрбір жас маман үшін кәсіби даму – үздіксіз процесс. Өз білімін жетілдіру, жаңа әдістерді үйрену, тәжірибе алмасу – мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырады. Біліктілікті арттыру курстарына қатысу, педагогикалық әдебиеттерді оқу, әртүрлі вебинарлар мен конференцияларға қатысу – кәсіби дамуға ықпал ететін маңызды қадамдар. Әр сабақ сайын өзін жетілдіруге ұмтылған мұғалім оқушыларға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың өмірлік бағытына әсер ете алады. Сонымен қатар мұғалім өзінің педагогикалық қызметіне сыни көзқараспен қарап, жетілдіруді қажет ететін тұстарын анықтауы керек.

Мектепке жаңадан келген жас мұғалім үшін алғашқы жұмыс жылдары үлкен сынақ кезеңі болып табылады. Ол тек жаңа ортаға бейімделіп қана қоймай, кәсіби біліктілігін шыңдап, педагогикалық шеберлікті меңгеруі қажет. Бұл кезеңде тәжірибелі әріптестерінің, әсіресе, аға ұстаздардың қолдауы мен қамқорлығы өте маңызды. Аға ұстаздар өз тәжірибесімен бөлісіп, бағыт-бағдар беріп, кәсіби дамуға ықпал ете отырып, жас мұғалімдердің білім беру процесіне бейімделуіне көмектеседі.

Жас мұғалімнің кәсіби жолындағы алғашқы қадамдары көптеген сұрақтар мен қиындықтарға толы. Бұл кезеңде оған бағыт-бағдар беретін, кәсіби жолын қалыптастыруға көмектесетін тәлімгер ұстаз қажет. Аға ұстаз жас маманмен тығыз жұмыс істеп, оған әдістемелік көмек көрсетіп, білім беру үрдісіндегі негізгі қағидаларды түсіндіруі керек. Аға ұстаз жас маманға ашық сабақтар өткізіп, сабаққа дайындалу жолдарын, тиімді әдіс-тәсілдерді үйретеді. Сондай-ақ, жас мұғалімді өзінің сабақтарына қатыстырып, оны оқу процесіне тереңірек үңілуіне мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе жас маманға теориялық білімін практикада қолдануға, оқыту әдістерін жетілдіруге және сабақ берудегі өзіндік стилін қалыптастыруға көмектеседі.

Жас маман үшін мектепке алғаш келгенде психологиялық қолдау өте қажет. Себебі жаңа ортаға бейімделу, оқушылармен, ата-аналармен қарым-қатынас орнату, ұжымға сіңісу секілді мәселелер үлкен стресске айналуы мүмкін. Мұндай жағдайда аға ұстаздардың

қамқорлығы мен қолдауы маңызды рөл атқарады. Тәжірибелі мұғалімдер жас маманға қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсетіп, өз тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып, кеңес бере алады. Қарапайым жылы сөз, қолпаштау, сенім білдіру жас мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін арттырып, жігерлендіре түседі.

Бірнеше жылдан бері «Жас мамандар» мектебінің жетекшісі болып жұмыс жасаймын. Мектебімізде жас мамандар жұмысы тұрақты жолға қойылған. Оқу жылының басынан бастап «Жас мамандар» мектебінің жоспары бойынша іс- шаралар өткізіліп тұрады.

Жылдан жылға ұжымымыз жас мамандар қатарымен толықтырылуда. Осыған орай тәжірибелі мамандарымыз әдістемелік көмектерін көрсетуде. Мектеп психологтары да жас мамандармен тығыз байланыста болып, қоян-қолтық жұмыс жасайды. Жас мамандармен дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын «Жас мамандар» байқауы, «Бәсекеге қабілетті жас маман – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында жас мамандар форумы мен «Жас маман-жаңа қадам» тақырыбында өткізілген апталықтардың да берері мол болды. Апталық барысында мектеп психологтары А.Мусина, Ж.Ыбырайқызы «Еркін елдің ертеңі-жастар» тақырыбында тренинг, педагог-зерттеуші М. Есмаганбетова «Білім берудегі заманауи трендтер» тақырыбында шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағаты барысында жас мамандар заманауи білім берудің әдіс-тәсілдері туралы мәліметтер алып , түсінік қалыптасты . Жас мамандар көңіл күйіне ,сабақтағы іс-әрекетке ,өз-өзіне рефлексия жасауға үйренді. Тәлімгер жетекшілер оқу-тәрбие үдерісіне қатысты нормативтік құжаттар мен оқу бағдарламасымен жұмыс жүргізуіне әдістемелік көмек көрсету бағытында «Әдістемелік жәрмеңке» өткізді. 2-3 жыл еңбек өтілі бар жас мамандарымыз ашық сабақтар өткізіп, соңынан өнер додасында бақтарын сынап, тағы бір қырынан танылды. Тәлімгер жетекшілер өткізіп жүрген десант сабақтар және жас мамандармен өткізген дуэт сабақтардың да олардың кәсіби дамуына үлкен септігін тигізіп жүр.

Жас мұғалім үшін ең үлкен қолдау – оның еңбегінің бағалануы мен жетістіктерінің мойындалуы. Аға ұстаздар оларды әрдайым жігерлендіріп, кәсіби дамуға деген ынтасын арттыра алады. Мектеп ұжымы жас мұғалімдердің өз идеяларын жүзеге асыруына мүмкіндік беріп, олардың шығармашылық бастамаларын қолдап отырады. Бұл жас маманның жұмысқа деген қызығушылығын оятып, кәсіби тұрғыдан дамуына серпін береді.

Жыл сайынғы өткізілетін қалалық жас мамандар байқауына қатысып, жас маман Сагиден Ақмаржан Гибадатжанқызы жүлделі екінші орын иеленсе, Хайдарова Альбина Байниязқызы, Жолдасбаева Аида Русланқызы қанжығасына жүлделі үшінші орынды байлап қайтты. Қалалық білім бөлімінің тамыз кеңесінде де «Жас педагог құзыреттілігін жетілдіру жолдары» тақырыбында жас мамандар жұмысымен тәжірибе бөліскен болатынмын.

Кәсіби қарым-қатынас орнату, өзара қолдау көрсету, пікір алмасу жас маманға үлкен көмек береді. Егер жас мұғалім өзін ұжымның толыққанды мүшесі ретінде сезінсе, ол өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарап, кәсіби тұрғыда тез өседі.

Қорытындылай келе, мектептегі жас маман – жаңашылдықтың, шығармашылықтың және үздіксіз дамудың бастауы. Білім беру саласында өзінің орнын табу үшін жас мұғалім көп еңбектенуі, тәжірибе жинауы және үздіксіз білім алуы қажет. Қиындықтарға қарамастан, ізденімпаздық пен еңбекқорлық жас мұғалімді үлкен жетістіктерге жетелейді. Нағыз ұстаз болу- тек білім беру ғана емес, оқушылардың жүрегіне жол таба білу. Ең бастысы – балаларға сапалы білім беруге деген сүйіспеншілік пен өз мамандығына деген адалдық. Жас маманның кәсіби жолы қиындықтарға толы болғанымен, оның әр жетістігі болашақ ұрпаққа қосқан үлес ретінде бағала



# ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛАПТАСТЫРУ

**Куракбаева Кумисай Куанышевна**
*Атырау облысы, Атырау қаласы жалпы білім беретін №7 М.Әуезов атындағы орта мектеп қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Ұлттық құндылықтар – бұл ұлттың өзіндік болмысын айқындайтын, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани, мәдени, тарихи және әлеуметтік байлықтар. Мысалы: тілі, дін мен сенім, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ата-анаға құрмет, үлкенге ізет, еңбекқорлық, әділдік, қонақжайлылық, батырлық пен намыс, отансүйгіштік.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеуде бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру өте маңызды. Жас ұрпақты өз халқының тарихын түсіну, салт-дәстүрлерін білу, тіл білімін жетілдіру, адамгершілік қасиетін арттыру қазіргі қоғам талабы. Бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы еліміздің мықты іргесін ұстап отыратын Отан сүйгіш патриот азаматтарын қалыптастыра аламыз.

Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін емес. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып, қажымай еткен еңбек арқасында әлемдік деңгейдегі дарынды да тәрбиелі тұлға шығатынына сенемін.

Ал енді қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды қалай дарытамыз? Бұл жерде мұғалім негізгі міндет атқарушы деп есептеймін. Белсенді, саналы ойлай алатын, ауызша, жазбаша, көзбен көру арқылы өз болжамдарын дәлелдерімен ұсына алатын, келешегіне сенімділікпен қарайтын, жаңашыл идеяларды үнемі жаңартып отыратын тұлға тәрбиелеу біздің басты парызымыз. Білім беру мен тәрбие жұмысын қатар алып жүру, ұрпақ бойына, тұлғасына көзбен көрсету арқылы дәлелдеу үлкен күш-жігерді қажет етеді.

Мағжан Жұмабаевтың жүрек тебірентерлік лирикасы, Мұхтар Әуезовтың көркем прозасы, Шоқан Уәлихановтың барша әлемді таң қалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары әрбір адамның ішкі жан дүниесін байытып, сана-сезімін шарықтата көтеретіні сөзсіз.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында осындай ұлыларымыздың өнегелі өмірін, тәлімі мол мұрасын, батырларымыздың қайсар ерліктерін үнемі насихаттап, әрбір оқушының бойында «Мен де сондай болсам ғой» деген ізгі армандарын қалыптастыра отырып, ұлттық мақтаныш сезімін оята білуіміз қажет.

Мен ұстаз ретінде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарымыз бен қазіргі кезде сабақтарда қолданылып жүрген жаңа технологиялардың ең тиімді элементтерін пайдалана отырып жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады деп есептеймін. Құндылықтарды іс-әрекет арқылы, сұрақтар арқылы, кері байланыс, рефлексия арқылы жүзеге асыруға тырысамын. Мысалы: сабақтың кіріспе бөлімінде ынтымақтастық орта құра отырып, «Ыстық сезім», «Сенім» тренингтерін ұйымдастыру арқылы қызығушылығын арттырудым. Нәтижесінде баланың көңіл-күйі сергиді, ерік-жігері дамиды, сабаққа ынтасы артады. Сабақтың негізгі бөлімінде «ББҮ кестесі», «Ойлан, жұптас, талқыла», «ЖИГСО «Балық

сызбасы» сияқты әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Қорытынды кезеңінде «Венн диаграмасы», «Бес жолды өлең», «Ой толғау» тәсілдері пайдалану өте ұтымды. Диалог негізінде білім беру мен білім алу оқушылардың бір-бірімен өзара сұбхаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің танымдық көзқарасын жүйелеуі мен дамуына көмектеседі.

Ұлттық құндылықтың ең бастысы деп отбасы құндылығын атап өтер едім. Отбасылық құндылықтарға бағытталған 5- сыныптағы Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Анасын сағынған бала», Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?», «Менің атым Қожа» сынды әңгімелерін атап өтер едім.

Мысалы, 5-сыныптағы Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесін оқыған кезде шығармада автор қандай мәселені көтерді, қандай ұлттық құндылық айтылады деген мақсатпен балаларға проблемалық сұрақ туғыза отыра сабаққа талдау жүргіздім. Оқушылар «Шығармадағы әжені қалай деп елестетесің? Қай кейіпкердің, қандай қылығына сүйсіндің? Кім саған ұнамады? Қай жерде, кімге жаның ашыды? Өкініш сезімі пайда болды ма?»- деген сұрақтар төңірегінде ой бөлісті. Жұмыс нәтижесінде оқушылар сабақта алған ақпаратты, ұғыну және оның мәнін анықтауда пән мен шынайы өмір арасындағы өзара байланыстарды анықтамен қатар ұлттық құндылықтарды түсініп, өзін-өзі таниды, тәрбиелейді, сыни көзқарасы қалыптасады.

8-сыныпта Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романынан үзіндісі, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі, Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы, Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында көненің көзіндей болған ұлттық құндылықтарымыз насихатталады.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі оқушылардың рухани-адамгершілік тұрғыда дамуына игі әсерін тигізіп, патриотизмді қалыптасырудың ұтымды факторы болып табылады. Себебі, ол әдеби бейнелер арқылы оқушыларды өз Отанының мүддесі үшін, үлгі боларлықтай жоғары деңгейде қызмет етуге баулиды, туған жерін, елін, мәдениетін, салт-дәстүрін сүйе білуге, оларды келешек ұрпаққа жеткізе білуге үйретеді.

Оқушылар повестен ата-әжелердің баға жетпес өмірлік тәжірибесі мен үлгілі тәрбиесі айрықша орын алатынын түсінді. «Қарты бар үй – қазына», әжесінің мағыналы әрі қызық құлақ құрышын қандырған ертегілерін тыңдап өскен бала өз қатарластарынан әрқашан бір қадам алда болатынын ұғынды. Оқушылар кезекпен кезек өз әжелерінің ертегі айтатынын жарыса айтқанда, әжесі жоқ балалар қызыға қарап, аналарының ертегі айтатынын айтып жатты.

Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы оқытқанда оқушы бойына отбасылық, ұлттық, адамгершілік құндылықтарды кеңінен дарытуға болады. Мысалы, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, бауырмалдық, аналық мейірім, қазақ әйелінің рухани күші. Әр кейіпкер бейнесі арқылы қазіргі жастардың бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді саралап, өз ойларын айтты. Және мен ойлағаннан да өрелі жоғары екенін айтқан, келтірген мысалдар арқылы байқадым.

8-сыныпта Абайдың он жетінші қара сөзін оқыту барысында тақырыпты өмірлік жағдаятатармен байланыстыру мақсатында «Ақыл дегеніміз не? Адам үшін бұл үшеуінің қандай маңызы бар?» деген сұрақтарға оқушылар тарапынан «Ақыл-адамды басқа тіршілік иелерінен ерекшелейтін аса маңызды қасиет. Ақыл-жақсы нәрсені де, жаман нәрсені де ойлап табады.» немесе «Адамда ең бірінші жүрек болу керек. Жүрек болмаса ақылдың да қайраттың да қажеті жоқ», «Адам үшін бұл үшеуінің де маңызы зор, ақыл мен қайрат жақсылыққа да, жамандыққа да қызмет етеді. Барлық игі істер жүректен бастау алады»- деген жауаптар естігенде қатты қуандым.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ

тәрбиесіне, соның ішінде әдебиет сабақтарында ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттаумыз қажет.

**Әдебиет:**


1. «Білімді ел» республикалық білім беру, қоғамдық-саяси газеті 17.09.2020 ж
2. А.Бек. Арпалыс. Алматы қаласы, 1994 жыл.
3. Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. II том. Алматы қаласы, «Жазушы» баспасы, 1992 ж.
4. «Қазақстан тарихы» журналы. №4. 2003 жыл.
5. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя» І том, А., «Жазушы» 2004 ж.
6. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
7. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие // «Ана тілі», 20 қазан, 2011.




## МОҒОЛСТАН. ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫ. ЗЕРТТЕУ СҰРАҒЫ: МОҒОЛСТАН МЕН ӘБІЛҚАЙЫР МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ОҚИҒАЛАР ҚАНДАЙ САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ӘКЕЛДІ?


**Қалбағаева Аккенже Нәсіпқалиқызы**

*Жалпы білім беретін №7 орта М.Әуезов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі, педагог - сарапшы*


| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | М.Әуезов атындағы №7 орта мектеп | |
| **Пәні:** | Қазақстан тарихы | |
| **Бөлім:** | 6.3 XIII - XV ғасырдың біріншіжартысындағы Қазақстан | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Қалбағаева Аккенже Нәсіпқалиқызы | |
| **Күні:** | 10.11.2025 | |
| **Сынып: 6** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Моғолстан. Әбілқайыр хандығы.<br>Зерттеу сұрағы: Моғолстан мен Әбілқайыр мемлекеттеріндегі оқиғалар қандай саяси өзгерістерге әкелді? | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 6.3.2.5 тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіру | |
| **Сабақтың мақсаты** | Тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтап, Қазақстан аумағында XIII - XV ғасырларда құрылған мемлекеттердің сыртқы саясатын түсіндіреді. | |
| **Сабақтың барысы** | | |

| Сабақтың кезеңі//уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру<br>5 мин<br><br>Өткен білімді еске түсіру | **Ұйымдастыру кезеңі Амандасу**<br>Оқушылармен амандасып, оқушыларды түгелдеу.<br>**Психологиялық ахуал.**<br>Оқушылар бүгінгі сабаққа деген көңіл-күйлеріңіз қалай?<br>**Топқа бөлу**<br>Оқушыларға топ атын сайлаймын.<br>**1-топ: А тобы**<br>**2-топ: В тобы**<br>**3-топ: С тобы**<br>**4-топ: D тобы**<br>Оқушылар осындай керемет күймен бүгінгі сабағымызды бастайық.<br><br>**«Сұрақ таңда» әдісі.**<br>4-топтан 1 оқушы келіп сұрақтар жасырылған қағазды таңдап алады. Сол таңдалған сұраққа әр топ кезекпен-кезек жауап береді. Іске сәт!<br>1-сұрақ: Мұғалімнен сұрақ<br>2-сұрақ: Көршіден сұрақ<br>3-сұрақ: Оқушыдан сұрақ<br>4-сұрақ: Үй тапсырмасы бойынша бір мәлімет айту<br><br>Ширату сұрақтары<br>XIII-XV ғғ. арасында Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген, орта ғасырларда Қазақстан аумағында құрылған алғашқы мемлекет туралы не білеміз?<br>Ойланып көріңіз,сабақтың тақырыбы қандай болмақ? Болжам жасаңыз.<br>Жұмыс дәптеріне сабақ тақырыбын жазып, оқушылармен бірлесіп, сабақ мақсаты анықталады. | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Оқушылар 4 топқа бөлінеді<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br>Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу | Мадақтау<br><br>ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады<br><br>**ҚБ**<br>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады | Стикерлер<br>А4, конспект<br>https://www.youtube.com/watch?v=ZinmadONKDU<br><br><br><br>Тақырыпқа сай суреттер |
| Жаңа білім<br>35 мин | Бүгінгі сабағымыз « **Моғолстан. Әбілқайыр хандығы.** »<br>**Бейнежазба**<br>**Сұрақ:**<br>- Бұл бейнежазбадан не көрдіңізден балалар?<br><br>Оқушылар ендеше осы бейнежазбадан және жинақтаған | Бейне көріністен негізгі идеяны анықтайды | **ҚБ**<br>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп | https://www.youtube.com/watch?v=7hHYVX998wA |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>мағұлматтарыңызды әрі қарай сабағымызды өрбітіп, білімізді шыңдау үшін тапсырмалар орындайтын боламыз.<br>Топтық жұмыс<br>Мәтінмен жұмыс.<br>Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның мемлекеттік – әкімшілік құрылысын салыстыр және ортақ белгілерін сипатта.
<table>
<tr><th>Әбілқайыр хандығы айырмашылығы</th><th>Ұқсастығы</th><th>Моғолстан хандығы айырмашылығы</th></tr>
<tr><td>1<br>2.<br>3.</td><td>1.<br>2.<br>3</td><td>1.<br>2.<br>3</td></tr>
</table>
ЕБҚ маңызды кездесетін термин сөздерді атайды не жазып көрсетеді<br><br>Жұптық жұмыс<br>Үш оқиға анықта<br>Әбілқайыр хан мен Тоғылық Темір билік құрған кезде сыртқы саясаттағы болған басты үш оқиғаны анықта<br>Жұптық жұмыс жасауда ЕБҚ оқушыларға жұпты таңдауда қолдау көрсетіледі<br><br>Жеке жұмыс<br>Сұраққа жауап бер<br>1)Қазақстан жерінде XIV-XV ғасырларда өмір сүрген Моғолстан мен Әбілқайыр хандығы неліктен бір-бірімен достық қарым-қатынас орната алмады?<br>2)Қарама-қайшылықтың нәтижесі қандай?<br>ЕБҚ оқушыға дереккөздің форматын үлкейтіп, қолдау жасау</td>
<td>Оқушылар постер мен жұмыс жасайды<br><br>Кестемен жұмыс жасайды<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Дәптерге жазады</td>
<td>отырады<br><br>ЕБҚ оқушы тапсырманы түрін ажыратады, сипаттама береді<br><br>Дескриптор:<br>- Әбілқайыр хандығының айырмашылығын жазады – 1 балл<br>- Моғолстан хандығының айырмашылығын жазады – 1 балл<br>- Ұқсастығын табады – 1 балл<br><br>«Өзін-өзі бағалау»<br><br>Дескриптор:<br>- 1 оқиғаны анықтайды – 1 балл<br>- 2 оқиғаны анықтайды – 1 балл</td>
<td><br>Тақырыпқа сай суреттер<br><br>А4 қағаз<br><br>Тақырыпқа сурет</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | - 3 оқиғаны анықтайды – 1 балл<br><br>**«Өзін-өзі бағалау»** ЕБҚ оқушыға (есту, көру, қабылдау деңгейі төмен, гипербелсенді) тапсырманы саралау арқылы ұсынып, қолдау көрсетіледі<br><br>**Дескриптор:**<br>- XIV-XV ғасырларда өмір сүрген Моғолстанды анықтайды – 1 балл<br>- XIV-XV ғасырларда өмір сүрген Әбілқайыр хандығын анықтайды – 1 балл<br>- Бір-бірімен достық қарым – қатынас | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | орната алмағанын біледі – 1 балл<br>- Қарама-қайшылықтың нәтижесін біледі – 1 балл<br><br>**«Өзін-өзі бағалау»** | |
| Бекіту<br>5 мин<br><br>Кері байланыс<br><br><br>Бағалау | **«Әріптер сөйлейді» әдісі**<br>Бір оқушы ортаға шығып, қалаған ұяшығын таңдайды. Таңдаған ұяшығында әріп шығады. Сол шыққан әріп бойынша ең алдыменен бүгінгі сабақ бойынша сөз айтып, сол сөз бойынша мағұлмат айту қажет. | Сабақтың тақырыбын қорытындылау | **ҚБ**<br>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады | Ақпараттық карточка |
| Үй тапсырмасы | **«Ерекше сабақ»** әдісі арқылы кері байланыс жасайды.<br>1. Бүгінгі сабақта мен түсіндім..........<br>2. Мен...............орындадым<br>3. Бүгінгі сабақта мен ................<br><br>**Өзін –өзі бағалау арқылы оқушылардың жинаған баллы бойынша «Өте жақсы», «Жақсы», «Әлі де дайындықты қажет етеді» деп бағалап өтемін.**<br><br>**Моғолстан. Әбілқайыр хандығы тақырыбын оқу** | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Өзін-өзі бағалау |  |



# НЕЛІКТЕН І КАРЛ МЕН ІІ ОСМАН ШЕКСІЗ МОНАРХ БОЛА АЛМАДЫ?

**Қалымжанова Арайлым Сейтжанқызы**
*Атырау қаласы, «Жалпы білім беретін №7 орта М.Әуезов атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі, педагог – сарапшы*

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | М.Әуезов атындағы №7 орта мектеп | |
| **Пәні:** | Дүние жүзі тарихы | |
| **Бөлім:** | Абсолютизм: Батыс пен Шығыс | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Қалымжанова А.С | |
| **Сынып: 6** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Неліктен І Карл мен ІІ Осман шексіз монарх бола алмады? | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | 6.3.1.2 Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату;<br>6.3.1.5 саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі елдердің билеушілерінің қызметін салыстыру | |
| **Сабақтың мақсаты** | Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратады;<br>Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі елдердің билеушілерінің қызметін салыстырады. | |
| **Сабақтың барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру 5 мин | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Амандасу**<br>**Психологиялық ахуал.**<br>Оқушылар бүгінгі сабаққа деген көңіл-күйлеріңіз қалай? Онда әрі қарай пысықтау үшін 3 шапалақ әдісін қолданып көрейік. *Екі қолыңызды жоғары көтеріп 3 рет шапалақтан көңіл –күйімізді білдіріп қоялық.*<br><br>**Топқа бөлу**<br>**«Classdojo» платформасы**<br>Сіздерді **«Classdojo» платформасымен** топқа бөлемін. Оқушыларға топ атын сайлаймын. | Оқушылар өз ойларын ортаға салады.<br><br>Оқушылар 4 топқа бөлінеді | Мадақтау<br><br>ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады | Стикерлер<br>А4, конспект<br> <br>https://www.classdojo.com/ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өткен білімді еске түсіру | **1-топ: А тобы**<br>**2-топ: В тобы**<br>**3-топ: С тобы**<br>**4-топ: D тобы**<br>Оқушылар осындай керемет күймен бүгінгі сабағымызды бастайық.<br><br>**«Бастағы қалпақ» әдісі.**<br>Алдыңғы сабағымызды пысықтау үшін «Бастағы қалпақ» әдісін ұсынғым келеді. Музыка қосылады, сол уақытта оқушы басындағы қалпағын келесі оқушының басына кигізеді, ол келесі оқушының басына кигізеді т.с.с. Музыка тоқтағанда қалпақ кімнің басында қалады сол сұраққа жауап береді. Осылайша әр топ болып ойнап шығамыз ең бірінші боп бірінші топтан бастаймыз. Іске сәт!<br>1-сұрақ: Жапонияны біріктіруді аяқтап, сегун деген атақ алған кім? (Токугава)<br>2-сұрақ: Қытай елін 1403 жылдан бастап 22 жыл билік еткен император? (Юнлэ)<br>3-сұрақ: Қытайда біртұтас феодалдық мемлекет құрылған жыл? (581 жыл)<br>4-сұрақ: Жапонияда бір орталыққа бағынатын мемлекет орнағаннан кейін, елде қандай жағдайға тыйым салды? (елге шетелдіктердің келуіне)<br><br>**Ой қозғау**<br>Оқушыларға картаға назар аудара отырып, сабақ тақырыбына болжам жасату.<br>**Бүгінгі тақырып туралы не айтуға болады?**<br>Жұмыс дәптеріне сабақ тақырыбын жазып, оқушылармен бірлесіп, сабақ мақсаты анықталады. | Сұрақтарға жауап береді<br><br>Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу | «Classdojo» әдісі<br><br>**ҚБ**<br>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады | <br>Тақырыпқа сай суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жаңа білім<br>35 мин | Бүгінгі жаңа сабағымыз « Неліктен I Карл мен II Осман шексіз монарх бола алмады?»<br>**Бейнежазба**<br>**https://www.youtube.com/watch?v=Rco24Oh9NN4&t=1s**<br>**Сұрақ:**<br>- Бұл бейнежазбадан не көрдіңізден балалар?<br><br>Оқушылар ендеше осы бейнежазбадан және жинақтаған мағұлматтарыңызды әрі қарай сабағымызды өрбітіп, білімізді шыңдау үшін тапсырмалар орындайтын боламыз.<br>**Топтық жұмыс**<br>**Мәтінмен жұмыс**<br>I Карл Англияның королі болған кезде шексіз монарх бола алмады, себебі оның билігі Англияның саяси құрылымы мен конституциялық дәстүрлеріне қайшы келді. Сонымен, I Карл өз билігін күшейтуге тырысқанымен, Англияның саяси және конституциялық құрылымы, сондай-ақ парламенттің және халықтың қарсылығы оған шексіз монарх болуға мүмкіндік бермеді.<br>II Осман Осман империясының сұлтаны ретінде шексіз монарх бола алмады, себебі оның билігі көптеген ішкі және сыртқы факторлармен шектелді. Тарихи тұрғыдан қарағанда, Осман империясында сұлтанның билігі толығымен шексіз емес болатын.<br><br>**Венн диаграммасы** | Бейне көріністен негізгі идеяны анықтайды<br><br>Оқушылар кестемен жұмыс жасайды<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Кестені толтырады<br><br>Ақиқат - жалғанды анықтайды | **ҚБ**<br>Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады<br><br>ЕБҚ оқушы тапсырманы түрін ажыратады, сипаттама береді<br><br>**Дескриптор**:<br>- I Карл мен II Османның саяси қызметін анықтайды – 1 балл<br>- Айырмашылығын табады – 1 балл<br>- Ортақ белгілерін табады – 1 балл<br>- Ұқсастығын табады – 1 балл<br><br>**«Classdojo» әдісі** | **https://www.youtube.com/watch?v=Rco24Oh9NN4&t=1s**<br><br><br><br>Тақырыпқа сай суреттер<br><br>А4 қағаз<br><br>Тақырыпқа сай кесте |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>


<br>
ЕБҚ маңызды кездесетін термин сөздерді атайды не жазып көрсетеді<br><br>
Жұптық жұмыс<br>
«Ақиқат-жалған»<br>
Иықтас, серіктестерімен беріледі ақпараттың ақиқат-жалған екенін анықта
<table>
<tr><th>Ақпарат</th><th>Ақиқат-жалған</th></tr>
<tr><td>1.Англияда шіркеу ұлттық деп танылып, абсолютизмнің басты тірегіне айналды.</td><td>Ақиқат</td></tr>
<tr><td>2.Ағылшын абсолютизмнің ерекшелігі жергілікті билік орындарында ұсақ дворяндар мен қала буржуазиясы өкілдері қызмет ете алмады.</td><td>Жалған</td></tr>
<tr><td>3.Осман империясы орта ғасырдағы әскери-феодалдық құрылымдағы мемлекет бола алмады.</td><td>Жалған</td></tr>
<tr><td>4.Осман империясы 4 әлеуметтік топтан тұрды</td><td>Ақиқат</td></tr>
</table>
</td>
<td>Дәптерге жазады</td>
<td>
Дескриптор:<br>
-Бір ақпаратты анықтайды – 1 балл<br>
-Екі ақпаратты анықтай – 1 балл<br>
-Үшінші ақпаратты анықтайды – 1 балл<br>
-Төртінші ақпаратты анықтайды – 1 балл<br><br>
«Classdojo» әдісі<br>
CLASS DOJO<br><br>
ЕБҚ окушыға (есту, көру, қабылдау деңгейі төмен, гипербел
</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жаңа сабақ<br>10 мин | Оқушылар сабақ мақсатымен танысады.<br>ІІІ. Жаңа тақырып.<br>Оқулықпен жұмыс<br>**74-жаттығу**<br>**Мәтінді тыңда.**<br>-Адам үшін тіршілік етудің басты көзі не екен? | Мәтінді тыңдайды. Мәтіннің мазмұны бойынша | **Дескриптор:**<br>**1**.Мәтіннің мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақ құрастырады. | оқу лық бейне ролик |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы 15минут<br><br>10 мин | -Мәтінде балаларды қандай жағымсыз қылықтардан аулақ болуға шақырады?<br>-Егер де мәтінде аталған жағымсыз қылықтар орын алса не болады екен?<br>• **Мәтіннің мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыр:**<br>-Егер табиғатты қорғамаса, қандай апаттан жағдай болуы мүмкін?<br>- Егер апатты жағдайлар болса, табиғатқа қандай зиян тиеді?<br><br>**76-жаттығу.**<br>**Жұптық жұмыс**<br>**«Сағаттық достар»**<br>-Берілген зат есімдерді екі түрлі септікке қойып, жақшадағы сөзбен тіркестіріп жаз.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>**ЕБҚ**<br>Сөздерге тиісті септік жалғауын жалға.<br>**77-жаттығу.**<br>**"Жатқа жаз»әдісі .**<br>**Мәтелді оқып, жатқа жаз.**<br>Ел жасымен көрікті,<br>Тау тасымен көрікті.<br>• **Көмектес септігіндегі сөздердің жалғауына назар аудар. Мәтелдің мағынасын түсіндір.**<br><br>**Топтық жұмыс**<br>**«Ұшатын постер»**<br>**Сөздердің тиістісін қойып, өлеңді қалпына келтір.**<br><br>Барлығыңа үлгі болар, <u>қарақтар,</u><br>Байсалды да, ақылды да <u>Марат </u>бар.<br>Жеке басым ең алдымен, <u>Мараттың</u> | шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап жазады.<br><br>Жұптасады. Зат есімдерді екі түрлі септікке қойып, жақшадағы сөзбен тіркестіріп жазады.<br><br>Мәтелді оқып, жатқа жазады. Көмектес септігіндегі сөздердің жалғауына назар аударады. Мәтелдің мағынасын түсіндіреді.<br><br>Тиісті септік жалғауын жалғайды.<br><br>Төмендегі сөздердің тиістісін қойып, өлеңді қалпына келтіреді. | 1б<br>**2.**Құрастырған сұрағына жауап береді. 1б<br><br>**Дескриптор:**<br>1.Зат есімдерді бірінші септікке қойып, жақшадағы сөзбен тікестіріп жазады. 1 б<br>2.Зат есімдерді екінші септікке қойып, жақшадағы сөзбен тікестіріп жазады. 1 б<br><br>**Дескриптор:**<br>1. Мәтелді оқып, жатқа жазады. 1б<br>2. Көмектес септігіндегі сөзді табады. 1 б<br>3.Мәтелдің мағынасын түсіндіреді.1б<br><br>**Дескриптор:**<br>1. Сөздердің тиістісін қойып, өлеңнің бірінші жолын қалпына келтіреді.1б<br>**2**. Сөздердің тиістісін қойып, өлеңнің екінші жолын қалпына келтіреді.1б<br>3.Сөздердің тиістісін | оқулық<br>сағат<br>кесте<br><br>постер<br><br>маркер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жасы үлкенді сыйлағанын жараттым.<br><br>Сенбейсің бе, күнделікті парақта:<br>Талай «бестік» қойылыпты Маратқа.<br>Батыл емес дей алмайсың Маратты,<br>Сол үйретті ауылдағы бар атты.<br><br>Алғыссыз күн болған емес Маратта,<br>Жетеді онда ынта, жігер, талап та.<br>Қай өнер де табылады Мараттан,<br>Ән салғанда жұртты аузына қаратқан. | | қойып, өлеңнің үшінші жолын қалпына келтіреді. 1 б | |
| Сабақтың соңы<br>5 минут | **Сабақты қорытындылау.**<br>-Қай септіктің жалғауы буын үндестігіне бағынбайды?<br>-Буын үндестігіне бағынбайтын септік жалғаулары?<br>-Сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан не жіңішке болып үндесуі?<br>-Сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыс жуан болса, қосымшадағы дауысты да қандай болады?<br>-Сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін жалғанатын жалғаулар?<br>-Қазақ тілінде неше септік бар?<br>(сабақ мақсатына оралу)<br><br>**Рефлексия**<br>«Асықтар»<br>**Оқушылардың білімін бағалау**<br>**Үй тапсырма .**<br>**80-жаттығу.** | Сұраққа жауап береді.<br><br>Түсінсе жасыл, сұрағы болса сары, түсінбесе қызыл асық таңдайды. | Кері байланыс :<br>Бүгінгі сабақтың оқу мақсатына жеттік пе ?<br>Бүгінгі сабақта не үйрендің ?<br>Қорытынды бағалау .<br>1-10 б жүйе<br>Мадақтау сөздер<br>Жарайсыңдар | инт. тақта<br><br>инт. тақта |



# MONTHS AND SEASONS

**Сейтмухамбетова Жанылсын Ахметкалиевна**
*№ 7 М.Әуезов атындағы орта мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог - модератор*

| | | |
|---|---|---|
| Unit 3 | School: | |
| Date: | Teacher name: | |
| Class: 5 | Number present: | Absent: 0 |

| | |
|---|---|
| Lesson title | Months and seasons |
| Learning objectives(s) that this lesson is contributing to (link to the Subject programme) | 5.2.6.1 - deduce meaning from context in short, supported talk on an increasing range of general and curricular topics.<br><br>5.3.4.1- respond with limited flexibility at sentence level to unexpected comments on an increasing range of general and curricular topics;<br><br>5.5.7.1- use with some support appropriate layout at text level for a limited range of written genres on familiar general topics and some curricular topics |
| Lesson objectives | All learners will be able to:<br>Understand specific information, use appropriate subject-specific vocabulary during the doing tasks |
| Plan | |

| Planned timings | Planned activities (replaces the notes below with your planned activities) | Learners activities | Evaluation | Resources |
|---|---|---|---|---|
| Start<br>Org. moment<br><br>5 min | Ask about the weather<br>Psychological situation<br>The method “An umbrella” | Greeting<br>Ss greet with teacher<br>Answers to questions about the weather. |  |  |
| | Teachers take an umbrella and stand in a circle and turn the umbrella. Teacher ans students repeat the action until end the music. | Students turn in a circle, when they turn the umbrella, students walk in a circle, when T stops ss stop too, when T collect the |  | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | umbrella, they sit down. | | |
| 4 min | Divide ss into 2 groups taking drops of rain which hangs on the umbrella in that way ss divide into 2 groups | Ss take one drops of rain and divide into 2 grops. |  | Cards |
| 3 min | Checking home task Method «Magic box» | Learners take a paper and answer foe question | Can match sentences-1p | worksheet |
| 5 min | “Picture dictation”Teacher enables a presentation about new theme ans asks students to take a pencil and draw that they are listening and tell the end of the dictation students draw a picture of bodies. In that way, today`s new theme is opened | Students take a pencil and draw that they are listening and tell the end of the dictation students draw a picture of bodies. In that way, today`s new theme is opened |  | |
| 3 min | The teacher introduces the objectives of the lesson.<br>Introduces Ss with new words. First, the teacher hangs pictures with new words on the blackboard. After that, the teacher pronounces the new words aloud and one by one. After repeating the words over and over again, the teacher alternates the words on the board. At the very end, no pictures will remain on the board. The teacher asks students to write words instead of pictures, determining which word is in the place where the repeated words are. | Ss get to know new lesson`s theme.<br>Students read and repeat pronunciations of the words after teacher.<br>After repeating new words again and again students write words instead of pictures, determining which word is in the place where the repeated words are. |  | worksheet |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1. Summer<br>2. Winter<br>3. Spring<br>4. Autumn | | | |
| Middle<br>5 min | After that enables the video about new theme and answer to questions like this:<br>- What is the video about?<br>-What did you understand from video?<br>- What seasons do you like? | Learners watch the video about new theme After watching the video learners starts answer to teacher`s questions | -can understand the meaning of the video-1p<br>- can answer for questions-1p | https://youtu.be/2gY9sIGp9vk |
| 5 min | Teacher asks students to answer for questions new theme | Students to answer for questions about new theme | -Students can find answer-1p<br>-can use grammar-1p | https://www.educaplay.com/learning-resources/16875515-know_yourself.html |
| 3 min | Teacher enables a game from whiteboard for answering test | Students have to choose the correct answer and play a game | -can choose the correct answer-1p | https://amansultan.kz/lesson/seasons |
| 7 min | Work in group. ”Ex 5 Teacher asks students have to do ex 5 ans make 5 sentences from words were given in task | Students have to do ex 5 ans make 5 sentences from words were given in task | -understand the meaning of the question-1p<br>- Correct the sentences.-1p | Student`s book<br><br>5 2.05 Listen again. Then make five sentences from the words in columns A and B.<br>A: 1 A shop; 2 Lady Tara; 3 Mr Diddly; 4 They; 5 Their friends<br>B: doesn't have a party; has a big party; don't travel in summer; makes clothes for Mr Diddly; doesn't dance; visit their house in London; stay in Boston in the summer; don't walk |
| 5 min | Teacher asks students to answer for questions new theme | Students to answer for questions about new theme | -Students can find answer-1p<br>-can use grammar-1p | https://learningapps.org/view6841910 |
| 5 min | Reflection: Method “The letter to piegon” Teacher allows students write in letter about new lesson | After that, give reflection with the method |  | |


ENGLISH LANGUAGE


GROUP





**«ЕББҚ ОҚУШЫЛАРМЕН АРНАЙЫ ӘДІС ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ.»**

**Урымбаева Ардак Джекеновна**
*Атырау қаласы*
*№7 М.Әуезов атындағы жалпы орта мектептің дефектологы*

## І Кіріспе

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда білім беретін мектептегі дефектологтың атқаратын ролі туралы айта кететін болсақ дефектолог мұғалімнің көмегі өте маңызды. Арнаулы және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау мен көмек көрсетудің ең ерекше түрі –дефектолог -педагогикалық қолдау болып табылады, себебі оқыту мен тәрбие үдерісі жағдайында баланың дамуын қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімдеуде жүйелі ұйымдастырылған іс-әрекеттерін көрсетеді және әр оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқуы мен дамуына жақсы педагогикалық жағдай жасайды.Осы бағытта мектептеп дефектолог Урымбаева Ардак Джекеновна жұмыс жасауда
Дефектологтың мақсаты балаларды уақытылы көмек көрсету,оқушылардың дүниетанымын деңгейін байыту,қоршаған орта құылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. Көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы жайында ата-аналармен байланыста болу.
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған түзету-дамыту
жұмыстары – олардың жеке қабілеттері мен даму деңгейін ескере отырып, білім беру, әлеуметтендіру және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған кешенді процесс.

**Түзету-дамыту жұмыстарының :**

**<u>Мақсаты:</u>** ЕББҚ оқушылардың интеллектуалдық және сенсорлық дамуындағы ауытқулардың алдын алу, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу арқылы білім беру.

**<u>Міндеті:</u>** Дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзеу жөніндегі шешімдерді жас ерекшелігіне байланысты қолдану.ЕБҚ балаларға ерте коррекциялық көмек көрсету.Оқушылардың дүниетанымдық деңгейін байыту, қоршаған орта құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

Танымдық даму – зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін жетілдіру
Әлеуметтік дағдылар – қарым-қатынас орнату, өзін-өзі күту дағдыларын дамытуТүзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналармен, мұғалімдермен және мамандармен бірлескен жұмыста анықталады. Бұл балалардың өз әлеуетін толық жүзеге асыруына және қоғамға сәтті бейімделуіне мүмкіндік береді.

**Педагог-дефектологтың мақсаты** - оқушылардың бойындағы танымдық, сенсорлық қабілеттерін анықтап, олармен коррекциялық – педагогикалық бағытта жұмыс жүргізу.

Педагог-дефектологтың міндеті:

- Оқушыларды тексеру, олардың дамуындағы өзгерістердің айқындығын анықтау, жүргізілген диагностикалық тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау.
- Түзету жұмысының міндеттерін, формасын, тәсілдерін анықтау, бастапқы зерделік немесе сенсорлық бұзылыстардың салдарынан туындауы мүмкін туынды бұзылыстардың алдын алу, оқушылардың дамуындағы жүйкелік-психикалық ауытқушылықтарды жеңу, зерделік және сенсорлықбұзылыстарды барынша түзетуге бағытталған жеке

даму бағдарламасы аясындағы түзете дамыту жұмыстарын жүргізу.

**Дефектолог қызметі төмендегі негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі:**

1.Диагностикалық
2.Түзете-дамытушылық
3.Кеңес беру
4.Ұйымдастырушылық
5.Әдістемелік.

**I. Диагностикалық бағыт бойынша**: 1-5 класс оқушылары
Қоршаған орта туралы түсінігі бойынша: мекен-жай, ата-анасының аты-жөні, жыл мезгілдері, апта күндерін білуі.Қабылдау ерекшеліктері бойынша: затты қабылдау, заттың маңызды бөлігін, түстерді ажырата білуі, сөзсіз әдісті пайдаланып, түстерді сәйкестендіруі.
Пішіндерді қабылдауы бойынша: негізгі геометриялық фигураларды ажыратуы
Кеңістікті қабылдауы бойынша: оқушы өзінің оң және сол жағын, қиылған тақырыптық суретті жинау, уақытты қабылдауы.Танымдық ерекшеліктері: зейін, есте сақтауы, оқушының эмоциялық реакциясы, өзінің іс-әрекетін бағалауы, мінез-құлқы.Жалпы және ұсақ моторикасы: дене қимылы, саусақ қолды қимылдату.
Жалпы тілдік дамуы: дыбысты айту жағдайы, сөздік қоры, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы, сөздің мағынасын түсінуі, өз ойын ашық айтуы бойынша
тексеру.



**Ұсақ қол моторикасын дамыту.**







**II. Коррекциялық бағыт бойынша:**
Тірек-қимыл қозғалысының дамуын, психикалық дамуын, негізгі ойлау операцияларының дамуын, эмоциялық сферасының дамуын, танымдық, сенсорлық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыс түрлері жүргізіледі.

**III.Кеңес беру бағыты бойынша: Ата-аналарға, класс жетекшілерге кеңестер беру.**
Балалардың тәрбиесі мен білім алуы ата-аналар мен мұғалімдердің бірлескен жұмысына байланысты. Сондықтан олардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас орнатуы және балаға қолдау көрсетуі маңызды.

**Ата-аналарға кеңес**
1.Баламен сенімді қарым-қатынас орнатыңыз – балаңызға өз ойлары мен сезімдерін еркін білдіруге мүмкіндік беріңіз.
2.Оның жеке ерекшеліктерін құрметтеңіз – әр бала әртүрлі дамиды, оның қабілеттері мен қызығушылықтарын ескеріңіз.
3.Үйде жайлы психологиялық орта жасаңыз – баланың өзін қауіпсіз әрі қолдау тапқанын сезінуі маңызды.
4.Білім алу процесіне қызығушылық танытыңыз – оның мектептегі жетістіктері мен қиындықтарын бірге талқылаңыз.
5.Өз үлгіңізбен көрсетіңіз – балалар ересектердің әрекетін қайталайды, сондықтан өзіңіз де өмірде дұрыс шешімдер қабылдауға тырысыңыз.

**Мұғалімдерге кеңес**
1. Әр балаға жеке көзқараспен қараңыз – олардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескеріп, мотивациясын арттырыңыз.
2. Эмоционалды қолдау көрсетіңіз – бала өзін мұғалім тарапынан түсінілгенін және қолдау тапқанын сезінуі керек.
3. Сабақты қызықты етіңіз – оқытудың заманауи әдістерін қолданып, балалардың белсенділігін арттырыңыз.
4. Ата-аналармен тығыз байланыста болыңыз – бала дамуы мен тәртібі туралы ата-аналармен бірге талқылап, бірлескен шешімдер қабылдаңыз.
5. Өзіңізді үздіксіз дамытыңыз – педагогикалық және психологиялық білімді жетілдіріп, жаңа

әдістерді қолданыңыз.
Бала дамуының негізгі факторы – оны қоршаған ортаның қолдауы мен түсіністігі. Ата-аналар мен мұғалімдер бірлесе әрекет еткенде ғана бала толыққанды, бақытты және табысты тұлға болып қалыптасады.




**IV. Ұйымдастырушылық бағыт бойынша**:
Педагогикалық кеңес, семинар, конференция, іс-шараларға қатысу.




**V. Әдістемелік бағыт бойынша:** Таным процестерін дамытуға арналған ойындар, дефектологиялық әдістемелік құралдар жинақтау. Баланың жеке қасиетін ескере отырып үлестірмелі, көрнекі материалдар, кескін суреттер дайындау.

Өзін-өзі дамыту.















**Күтілетін нәтиже:**




Қорыта келе айтқанда жоғарыда атап өткен түзету дамыту бағыты бойынша жұмысты өз тәжірибемде қолданып келемін. Соның көмегімен оқушыларымның танымдық даму – зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін жетілдіру әлеуметтік дағдылар – қарым-қатынас орнату, өзін-өзі күту дағдыларын дамыту түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігі баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналармен, мұғалімдермен және мамандармен бірлескен жұмыста анықталады. Бұл балалардың өз әлеуетін толық жүзеге асыруына және қоғамға сәтті бейімделуіне мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Психологиялық және педагогикалық әдебиеттер
Выготский Л.С. – «Ойлау мен сөйлеу»,
«Баланың жоғары психикалық функцияларының дамуы»
Леонтьев А.Н. – «Психиканың дамуы»
Запорожец А.В. – «Баланың психикалық дамуы және тәрбие»
Божович Л.И. – «Баланың тұлғалық дамуы»
Рубинштейн С.Л. – «Жалпы психология негіздері»
2. Арнайы педагогика және инклюзивті білім беру
Аманова Б.М., Байназарова Г.М. – «Арнайы педагогика»
Құлжанова Н. – «Педагогика»

Мухина В.С. – «Жас ерекшелік психологиясы»Алешина Ю.Е. – *«Дефект



# БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Ыбырайқызы Жайнагүл**

*Жалпы білім беретін №7 орта М.Әуезов атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог – модератор*

**Аннотация**

Берілген мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын және шығармашылық ойлауын қалыптастырудың жолдары ұсынылған. Функционалдық сауаттылық ұғымының оқу сауаттылығымен байланысы көрсетілген. Мақалада оқу сауаттылығы арқылы оқылым мәтінін меңгерту, сауатты оқу, дұрыс сөйлеуге арналған жұмыстар жүргізілетіні айтылды. Бұл ретте окушылар жазба мәтіндерді түсініп, қолданып, оны әлеуметтік ортаға бейімдей алу мүмкіндігі қарастырылады. Мәтін мазмұнын толық түсіну үшін алдымен мәтіналды жұмыстардың жоспарлануы айтылды және бірнеше тапсырма үлгілері берілді.

*«Оқылым, біріншіден, ой мен мидың жұмысына байланысты болса, екіншіден. Жазылған графикалық таңбалардың тізбегін танып білуге қатысты. Үшіншіден, осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің рөлі зор. Осындай ерекшеліктер іске асқанда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынады, оқушының қажетіне жарайды»*

***Ф.Оразбаева***

Қазіргі білім берудің жаңа форматы оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Алған тілдік білімін күнделікті өмірде қолдану. Нақтырақ айтқанда, функционалдық сауаттылық деген ұғым — адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі фактор. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Мектеп окулықтарының мазмұны да жаңартылған білім берудің мақсаттарына сай қоғамның сан түрлі салаларынан ақпарат беретін жаңаша сипатқа ие болды. Қазіргі мектептерде оқушылардың бойындағы функционалдық сауаттылық пен өмірге қажетті құзырлықтар жиынтығын дамытуға басты назар аударыла бастады. Сондықтан әрбір ұстаз жаңа кезең талаптарына сай болу үшін педагогикалық үрдістің бірізділігін және оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға ынталы, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын, өзгермелі өмірге оқушыны да, өзін де даярлай білетін шығармашыл тұлға болуы тиіс. Оқу сауаттылығы әр түрлі мәтіндерден ақпарат табу және алу, көркем, ғылыми,танымал, ресми мәтіндермен жұмыс істей білу, мәтіннен ақпаратты түсіну және бағалай білу қабілеттерін қамтиды. Бұл мұқият оқу және мәтінді талдау арқылы мағынаға ену. Адам шын мәнінде ойланып оқыған кезде, оның қиялдары міндетті түрде жұмыс істейді, ол өзінің ішкі суреттерімен белсенді әрекеттесуі мүмкін. Бала мәтінмен жұмысты меңгерген кезде, ауызша сөйлеуі дамиды және дамудың келесі маңызды сатысы ретінде жазбаша сөйлеуі дамиды. Сауаттылықтың бұл түрі шығармашылық дағдыларға тікелей байланысты. Ол өз халқының баға жетпес байлығы ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын, тілдің таным және қатынас құралы ретіндегі ғажайып мүмкіншілігін пайдалана білетін тұлға қалыптастыру деген сөз. Сонымен бастауыш сыныптардағы оқу сауаттылығы қалай жүргізіледі және шығармашылық жұмыстарды қалай жоспарлап жүрміз деген сұрақтар төңірегінде ортақ тәжірибелерді назарға алып көрейік.

Оқу сауаттылығы арқылы оқылым мәтінін меңгерту, сауатты оқу, дұрыс сөйлеуге арналған жұмыстар жүргізіледі. Бұл ретте оқушылар жазба мәтіндерді түсініп, қолданып, оны әлеуметтік ортаға бейімдей алу мүмкіндігі қарастырылады. Мәтін мазмұнын толық түсіну үшін алдымен мәтіналды жұмыстарды жоспарлағанымыз жөн. Мәтіннің не туралы екенін суреттер, заттар, немесе құбылыстар арқылы болжатып, оқушылардың өзіндік пікірін білу қажет. Осы ретте, «Болжау», «Суретті жұмбақ», тірек сөздер арқылы болжау әдістерін қолдану нәтижелі болады. Оқушы бүгінгі жаңа мәтіннің не туралы болатынын шамамен тауып, мәтін кезеңіндегі жұмысқа ойысады. Мәтінді мәнерлеп оқу, түсініп оқу, жылдам оқу, шолып оқу сияқты әдістер арқылы меңгереді. Мәтінді шолып және жылдам оқу кезінде оқушылар тек маңызды ақпараттарды есте сақтайды. Мәтін кезеңдік жұмыстар оқу сауаттылығын арттырудың маңызды бөлігі. Мәтіннің мазмұнына, ондағы сөйлемдердің байланысуына қарай топтық және жұптық жұмыстар ұсынылады. Сыныптағы А,В,С деңгейіндегі тапсырмалар алдын ала әзірленіп, мәтінді меңгерту кезінде қолданылады.

Ал оқылымнан кейінгі тапсырма – мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары болуы мүмкін. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, ұғымдарды қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек. Сөзіміз шынайы болу үшін қазақтың ұлттық танымындағы ұғымдарды жаңашыл үлгіде қолдануға бағыттайтын мәтінмен танысып көрейік:

*Қазақтың манежі де, қол арбасы да, тербеткіші де - бесік. Қазіргі өнертапқыштар бесікті заманауи балаға қажетті құралға айналдырды. Астаналық өнертапқыш Серікбол Шәймардан Smartбесік ойлап тапты. Ол баланың дауысына қарай қозғалады, дене қызуы мен жаялық дымқылдығын өлшейді. Бесік батарейкамен қозғалады. Өнертапқыш жас қазақ отбасыларының қажеттілігін ескеріп жасады. Өнертапқыш тербелетін бесікті бірнеше жыл жасаған. Smartбесіктің ұзындығы -100 см, ені – 40 см. Бесікке арнайы қондырғы орнатылады.Соның арқасында бесіктің тербелісі түрлі режим бойынша өзгертіледі.Тербетілу уақытын белгілеуге болады. Автордың айтуынша,баланың температурасын өлшейтін құрылғылар бар. Олар ауытқуды байқаса,"Балаңыз тоңып қалды","Балаңыз ауырып қалды" деген хабарлама жасайды. Бесік жырын қосып ұйықтатуға болады. Өнертапқыштың айтуынша, бесік ата-ананың тек көмекшісі ғана емес,тәрбие құралы.*

*"Ел болам десең,бесігіңді түзе!" деген сөз бар. Халқымызды дәстүрін, ұлтын, жерін сүюге тәрбиелейтін құралдан ажыратпау әр ананың қалауы болса екен.* [ 1].

Ең алдымен мәтіналды жұмыстарды:

...Бесік туралы не білесіздер?
...Оны неден жасайды?
...Бесік жырын білесің бе? т.б жетек сұрақтарды қою арқылы тақырыпқа ену, тақырыпты тану әрекеттерін жүзеге асырамыз. Одан кейінгі әрекет мәтін мазмұнын меңгерту. Бұл жерде мұғалім мәтінді екі, үш, төрт бөлікке бөліп, жұптарға үлестіреді. Мәтінді реттілікпен мазмұндай отырып, толық ақпаратты алады.
Оқушылардың толық түсінгенін байқау үшін төмендегіше жұмыстарды жоспарлаған дұрыс.

**Сәйкестендендіріңіз**

| | |
|---|---|
| *батарейкамен* | *өнертапқыш* |
| *Бесікке* | *бесік ойлап тапты* |
| *Бесік* | *қозғалады* |
| *астаналық* | *құрылғы* |
| *Серікбол Шәймардан* | *тәрбие құалы* |
| *баланың ыстығын өлшейтін* | *қондырғы орнатылды* |

**Мәтіндегі негізгі тірек сөздер қатарын толықтырыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| **отбасы** | **тәрбие** | |
| | | |

**Салыстырып, ортақ қасиеттерін табыңдар.**

| ***Smart бесік*** | Ортақ қасиеттер | ***Дәстүрлі бесік*** |
|---|---|---|
| | | |

Оқу сауаттылығы бойынша мәтіндермен жұмыс түріне тоқталар болсақ:
Нұсқаулық: Мәтінді мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.
Бір қасқыр тамақ іздеп келе жатып, құрулы тұрған қақпанға түсіп қалады. Олай жұлқынып, бұлай жұлқынып зорға құтылады. Қашып бара жатқанында оны аңшылар байқап қалып, соңынан тұра қуады. Қасқыр сасқалақтап бір егіншіге келіп жайын айтады:
- Қайтсең де мені құтқар, жақсылығыңды еш ұмытпаспын, мені қабыңа салып, жасыра тұр,- дейді. Қасқырдың мүшкіл халін көрген егінші оны қапқа салып алып, арқалап жүре береді. Кешікпей, мылтық, қылыштарын жарқылдатып аңшылар жетеді.
- Қашып бара жатқан қасқыр көрмедің бе? – деп сұрайды олар.
- Жаңа бір қасқыр анау шоқыдан әрі асып кетті, тезірек ұстаңдар,- дейді. Аңшылар ұзаған соң егінші қаптың аузын шешіп, қасқырға «жөніңе бар, кейін маған бір жақсылық етерсің» дейді. Қасқыр қуанып секіріп шығып, егіншіге:
- Мен сені жеймін, қарным аш, - деп тап береді. Егінші байғұс сасқалақтап:
- Әй, қасқыр, мұның қалай, мен сені өлімнен құтқардым ғой? Жақсылыққа жамандық ете ме екен? Олай болса төрелігін біреуден сұрайық, қайсымыздікі жөн екен,- дейді. Екеуі керісіп тұрғанда бір жақтан қаңғалақтап түлкі келеді. Бұлар түлкіге оқиғаны бастан-аяқ айтып береді. Түлкі:
- Жоқ сөзді айтпаңдар, менен басқа біреу естісе күліп жүрер. Дорбаға үлкен қасқыр сыйды дегенге нанбаймын, барып тұрған өтірік,- дейді. Қасқыр мен егінші «бұл рас» деп керісіп болмайды. Түлкі қасқырға:

- Қапқа кіріп көрсетпесең, сенбеймін,- дейді. Қасқыр оны сендірмекші болып қапқа кіргенде, түлкі егіншіге:

- Байла қаптың аузын, енді қимылдайтын кезің келді. Күзде егінді қалай орып жүрсің? Кәне, көрсетші маған, - дейді. Егінші құралын алып, қасқырды ұра бастайды. Біраздан соң түлкі:

- Егінші, енді қаптың аузын аш, - дейді. Сонда қасекең атып шығып, алды-артына қарамай зыта жөнеледі. Артынан түлкі:

- Көптен бері тапқан бір әдісім еді, - деп сақ-сақ күліпті. Сөйтіп, егінші байғұс түлкінің айласымен ажалдан құтылыпты.

Оқушыларға төмендегі тапсырмаларды беруге болады:

Мәтіннің жанрын анықта.
A) әңгіме
B) аңыз
C) ертегі
D) роман
Мәтіннің тақырыбын анықта.
A) Егінші мен қасқыр
B) Аңшылар
C) Егінші мен түлкі
D) Түлкі мен қасқыр
7. Сөйлемдегі қарамен берілген сөздің синонимін тап. Дорбаға үлкен қасқыр сыйды дегенге **нанбаймын**
A) білмеймін
B) қуанбаймын
C) сенбеймін
D) риза емеспін
8. Түлкінің іс-әрекетіне сүйеніп мінездеме бер.
______________________________________________________________________
9. Егіншінің аңшыларды алдап, қасқырды құтқару үшін айтқан сөзін мәтіннен тауып жазыңыз:
______________________________________________________________________
10. Мәтін идеясына сәйкес келетін мақалды анықта.
A) Жамандық пайда етпейді,
Жақсылық зая кетпейді
B) Ақыл – жастан, асыл - тастан
C) Аңшы қанша айла білсе, аю сонша жол білер
D) Кәрі қасқыр қақпанға ілікпейді

**Тапсырма**




1.Бағалары бірдей журналдарды белгілеңіз
A) «Ақ желкен», «Жыл он екі ай»
B) «Бала би», «Ерке»
C) «Алақай, балақай!», «Ақ желкен»
D) «Балдырған», «Мөлдір бұлақ»
2. Суретте берілген барлық журналдарға ортақ сипаттама
A) бағалары бірдей
B) балаларға арналған
C) бір баспадан шығады
D) редакторы біреу
3. Бағасы ең төмен журналды белгілеңіз
A) «Ерке»
B) «Балдырған»
C) «Балбұлақ»
D) «Айгөлек»
4. Егер журналдардың атауын алфавиттің реттілігімен орналастырсаңыз, бірінші қай журнал тұрады?

A) «Айгөлек»
B) «Алақай, балақай»
C) «Ақ желкен»
D) «Ай-еркетай».
5. Ең жоғарғы бағадағы журнал
A) «Айгөлек»
B) «Ерке»
C) «Ақ желкен»
D) «Ай-еркетай».

Мұғалім – баланың ата-анасынан кейінгі сенері, үлгі тұтар идеалы. Мұғалім ағашты қалай исе, бұтағы да солай иілмек. Балаға жасынан еккен білімнің маңызы зор. Бастауыш сыныпта қаланатын барлық білім, жоғары сыныпқа барғанда толығып, күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады. Олай болса, оқу үдерісін қалай ұйымдастырамыз? Мысалы, неге кез -келген сабақты ұлттық нақышта безендіріп отырмасқа? Менің тәжірибем бойынша қазақтың ұлттық ойындарын математика, сауат ашу сабақтарына көптеп қолданамын. Алғашқы пән баланың ойын нақтылап, зерек болуға, нақтылыққа үйретсе, екінші пәнде қоғаммен қарым қатынас орнатып, дұрыс сөйлеу, ойын анық жеткізу әрекеттері қалыптасады. Көпке танымал отандық әдістемеден «Асық терапиясының» орны ерекше. Асық – қазақтың ұлттық ойыны. Жоғарыда айтқанымдай, жай ғана ойын емес, баланы белгілі бір дағдыға бағыттайтын, мақсатқа арналған ойын. Асықты иіру арқылы баланың ойы дамиды, денесі ширығады, үздіксіз қозғалыс арқылы аяқ-қол бұлшықеттері қатаяды. Ал оларды түрлі түске бояу арқылы, түстерді дұрыс ажырата білуге дағдыланады. Одан кейінгі әдістеме мультипликацияланған халық ертегілері бойынша оқыту. Бұл ретте, балалардың бірнеше дағдысы бір сәтте дамиды. Мысалы, бейнеролик көре отырып, тыңдау, есте сақтау қабілеті дамиды. Сондай-ақ, ұлттық нақыштағы сөздерді ұғуға, оларды орынды қолдана білуге машықтанады. Оқи отырып ойнай, ойнай отырып ойлай білуге дағдыланады. Қазір көп жастарымыз батыс пен шығыс өркениетінің қызыл-жасыл бояулы жетістіктеріне тамсана қарап, өз болмысымыздай ажырап бара жатқандай көрінеді. Ал сізге бұл көрініс қалай әсер етуде? Мейлі, Алаш арыстары, біздің мәдениетіміздің биігінде тұратын қайраткерлеріміз, ақын-жазушыларымыз сол еуропа, орыс мәдениетін үлгіледі делік. Бірақ олар бір сәтте қазақы болмыстан ажыраған емес. Ұлттық деңгейге сәйкес икемдеп ұсынды емес пе? Яғни батыстық, шығыстық мәдениет пен өнерге, тіпті, әдебиетіне қазақы бояудан өң беріп, төл туынды шығарған жоқ па? Біздің бүгінгі міндетіміз – сол бабалар салған сара жолды жалғастыра отырып, антқа берік, елге адал ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі таңда Алаш арыстары туралы түсірілген фильмдер, қазақ тарихына байланысты түсірілімдер көптеп таратылуда. Әрине, бастауыш сыныптың баласы байыбына терең бойлай алмаса да негізгі идеяны түсінеді. Барлығында да мазмұн біреу ғана, ол-ұлттық, бірлік, татулық. Осы терминдерді ұғым, мағынасын терең түсініп өскен баланың болашақта ұлтшыл болмауы мүмкін емес.

Жаңартылған білім мазмұнының тағы бір жетістігі шығармашыл тұлғалармен өлшенеді. Ал шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет, білігін ұштай түседі. Шығармашылық сабақтардың оқушылар үшін қандай маңызы бар?

*-оқушының танымдық ізденімпаздығы қалыптасады;*
*-сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді;*
*-шығармашылық ой -өрісі артады;*
*-кітаппен жұмыс, көркем және ғылыми әдебиеттер, баспа материалдарымен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырады;*
*-ұжымдық ой-пікірлері жетіледі, топ мүшелерінің пікірлерімен ортақ тұжырым жасауға үйренеді.*

Сондай-ақ, оқыту әрекетін халықтық педагогикамен, ұлттық өнермен байланыстыра отырып үйлестірудің мәні зор. Себебі өнердің ұлысы саналатын сөз өнері әдебиет сабағында оқытылатыны белгілі. Халқымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов осы тұрғыда: «Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі» деген болатын. [ 2].

Мәтіннен тиісті ақпаратты іріктеу, табу, өзара салыстыру және жалпылау, мәтіндегі негізгі ойды, идеясын анықтау, мақсатын анықтау, кейіпкердің іс әрекеті негізінде баға беру бағытындағы жұмыстарды қамтыды. Заман талаптарына сай балаларды халықаралық зерттеулерге дайындау, жалпы функционалдық оқу сауаттылығын қалыптастырудың қарқынды жүргізілуі өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мақсатымен тікелей байланысты. Сондықтан мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бастауыш сыныптарда басталатынын ескерсек,жоғарыда берілген форматтағы тапсырмаларды жиі орындатудың маңызы зор.

Олай болса, білімнің бұлағы әрі бастауы саналатын бастауышта ұйымдастырылатын оқу сауаттылығы мен шығармашылық жұмыстарды мазмұнды, мақсатқа сай жоспарлау қажет. Оқу мен оқыту мазмұнының креативті, жаңашыл болуы өнерлі, шығармашыл, қоғамның кез келген саласында өз орнын таба білетін бәсекеге қабілетті тұлғаның өсіп келе жатқандығының кепілі болмақ.

**Пайданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал.-Орал: «Ағартушы»,2008ж [ 2].
2. Дәулетқалиева Р.Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту// Молодой ученый.2017ж [ 1].



## ТАҢДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Қойшығұлова Майжан Амангелдіқызы**
*М.Әуезов атындағы №7 орта мектептің*
*информатика пәні мұғалімі, педагог – модератор*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | 4 бөлім. Python тіліндегі алгоритмдерді программалау | |
| **Педагогтің Т.А.Ә.** | Қойшығұлова М | |
| **Сынып:** | **7б** | |
| **Күні:** | Қатысушылар саны:21 | Қатыспағандар саны:1 |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Таңдауды ұйымдастыру** | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 7.3.2.1 Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу | |
| **Сабақтың мақсаттары** | Pyhton программалау тілінде таңдау операторларын пайдаланып, программа жазады. | |
| **Құндылыққа баулу** | Жасампаздық және жаңашылдық: Цифрлық сауаттылық, бейімділік, білімге құштарлық. | |
| | | |

<table>
<tr><th colspan="5">Сабақ барысы</th></tr>
<tr><th>Сабақтың кезеңі/ уақыт</th><th>Педагогтің әрекеті</th><th>Оқушының әрекеті</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr>
<td>Сабақтың басы<br><br>5 мин</td>
<td>1. Сәлемдесу.<br>2.Психологиялық жағымды ахуал орнату.<br>3.Оқушыларды түгелдеу.<br>Оқушыларды үш топқа бөлеміз<br>1-топ if, 2-топ elif, 3-топ else<br>Өткен сабақты қайталау<br>Сұрақтарға жауап беріңіздер.<br>https://learningapps.org/21987649<br><br>

<br>Ойлан:<br>*Заттар қандай параметрлермен сипатталады?<br>*Заттардың параметрлеріне қарап, таңдау үшін қойылатын шарттарға қандай мысалдар келтіре аласың?<br>*Таңдау алгоритмдерінің көмегімен қандай есептер программаланады?<br>Сабақтың тақырыбы мен сабақ мақсаты анықталады</td>
<td>Мұғаліммен амандасады<br><br>Өткен сабақ сұрақтарына жауап береді<br><br><br>Оқушылар сұрақтарға жауап береді</td>
<td>Мұғалім ауызша мадақтайды</td>
<td>https://learningapps.org/21987649</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>Жаңа сабағымыздың тақырыбы:<br>Таңдауды ұйымдастыру<br><br>Біз шарт тексеру операторымен танысуды алғаш бастаған кезде оның үш түрлі құрылымы бар екенін айтқанбыз. Өткен тақырыптарда біз сол құрылымдардың екеуімен таныстық. Енді үшінші құрылыммен танысамыз.<br>Программа құрастыру кезінде көп тапсырмада бірнеше балама нұсқа арасынан біреуін таңдауға тура келеді. Мысалы, ондай жағдай оқу пәндері бойынша тест құрастыру кезінде байқалады. Басқа программалау тілінде мұндай жағдайларда арнайы таңдау операторы қолданылады. Python программалау тілінде таңдауды ұйымдастыру үшін арнайы оператор қарастырылмаған. Бірақ осы оператордың баламасы ретінде шарт тексеру операторының 3-құрылымын пайдалануға болады (1-схема).<br>if 1-шарт:<br>1-командалар блогы<br>elif 2-шарт:<br>2-командалар блогы<br>else:<br>3-командалар блогы<br>1-схема. if – elif – else құрылымы<br><br>Оқушылар жинақтаған мәліметтерді пайдалана отырып әрмен қарай тапсырмаларды орындаймыз</td>
<td>Мұғалімді мұқият тыңдайды<br><br><br>Оқушылар топен бірігіп жұмыс жасайды</td>
<td>Мұғалім ауызша мадақтайды<br><br><br>Дескриптор:<br>-командалардың құрылымын анықтайды-1б<br>-блок схемасын сызады-1б<br>-қолданылуын</td>
<td>Оқулық слайд<br><br><br>Оқулық слайд</td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **35мин** | **Топтық жұмыс**<br>Таңдауды ұйымдастыратын командалардың құрылымын, блок схемасын, қолданылуын көрсет<br>**I тобы**<br>if – elif – else **құрылымы**<br>**if** 1-шарт:<br>    1-командалар блогы<br>**elif** 2-шарт:<br>    2-командалар блогы<br>**else:**<br>    3-командалар блогы<br><br>**Жұптық жұмыс /компьютермен жұмыс/**<br>**Практикалық жұмыс №1**<br>**Берілген ай атауының нөміріне қарап, сол айдың жылдың қай мезгіліне жататынын анықтайтын программа құру. Нәтижені экранға шығару.**<br>`a=int(input('1-12 arasyndagy sandardy engiz='))`<br>`if a>2 and a<6:`<br>`    print('Koktem mezgili')`<br>`elif a>5 and a<9:`<br>`    print('Jaz mezgili')`<br>`elif a>8 and a<12:`<br>`    print('Kuz mezgili')`<br>`else:`<br>`    print('Qys mezgili ')`<br><br>**Жеке жұмыс /дәптермен жұмыс/**<br>**1-тапсырма**. Ай атауының нөміріне қарап, оның атауын табатын программа мен блок-схема құр.<br>Мысалы – 3; Нәтиже – Nauryz<br><br>**Сабақты бекіту**<br>Сұрақтарға жауап беріңдер<br>https://wordwall.net/ru/resource/523 | Python тілінде таңдау операторын программалайды<br><br>Python тілінде таңдау операторын өздерінің дәптерінде программалайды | көрсетеді-1б<br>-Python тілінде таңдаудың алгоритмді құрады-1б<br><br>Өзін-өзі бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>-Python тілінде таңдау операторын алгоритімін құрады-1б<br>-Python тілінде тармақталған алгоритмді программалайды-1б<br>-Программада қателерді тауып, есептеу жүргізеді 1 б<br><br>Өзін-өзі бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>-Python тілінде таңдау операторын алгоритімін құрады-1б<br><br>-Python тілінде таңдау операторын программалайды-1б<br><br>-Программада кодына өзгертулер енгізе алады- 1 б<br><br>Өзін-өзі бағалау<br><br>Мұғалім аузша мадақтайды | Оқулық, дәптер Компьютер<br><br>Оқулық, дәптер Компьютер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 80861<br> | Интерктивті тапсырманы орындайды | | https://wordwall.net/ru/resource/52380861 |
| **Сабақтың соңы 5 мин** | **2.Рефлексия.** “Үш ҚҚҚ” әдісі арқылы кері байланыс<br>**Бағалау**<br>Өзін-өзі бағалау бойынша оқушыларды бағалап өтемемін.<br>**Үйге тапсырма:**<br>Оқулық, үйге тапсырма 136-бет, | Сабақты қорытындайды | Өзін-өзі бағалау | Оқушы дәптері оқулық |